СЕН ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССІҢ!



2-БЕТ

ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК: бейбіт заманда сарбаздар неге көз жұмады?

6-БЕТ

БЕС МИЛЛИОНДЫҚ КЕМПІР



8-БЕТ

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ
БІЗГЕ 30 жыл
1994-2024

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru
№77 (3706)
8 қазан 2024

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Қазақстан атом электр стансасын салуда жалпыхалықтық референдум арқылы шешім қабылдаған Азиядағы алғашқы, ал әлемдегі бесінші елге айналды. Бұған дейін мұндай референдумдар Австрия (1978), Швейцария (1979, 2017), Швеция (1980) және Италияда (1987, 2011) өткен болатын.

Қазақстанда АЭС салу мәселесі 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап қоғамда қызу талқыланып келе жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстар 1999 және 2006 жылдары жобалар техникалық-экономикалық негіздеме сатысына, ал 2014 жылы жеткізушілердің ұсыныстарын қарауға дейін жеткенімен, шешім қабылдау түрлі себептермен кешеуілдеп қалды. Сондықтан Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында атом энергетикасын дамыту аса маңызды экономикалық және саяси мәселеге айналғанын және атом электр станциясын салу қажет пе, жоқ па деген сауалға қатысты түрлі пікір бар екенін атап өтті.

(Соңы 3-бетте)

• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Роза САДЫҚОВА,
Жекеменшік білім ұйымдары республикалық қауымдастығының төрайымы:

«ЖЕКЕ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІ ҚОЛДАУДАН ТЫС ҚАЛМАУЫ КЕРЕК»

– Роза Шәріпқызы, қазіргі таңда еліміздегі жекеменшік мектептердің саны мен олардың жалпы білім беру жүйесіндегі үлесі қандай?

– Қазақстанда жекеменшік мектептер ел Конституциясымен кепілдендірілген. Мемлекет орта білімге қол жеткізуді қамтамасыз етуге жәрдемдеседі. Тәуелсіздіктің 30 жылдан астам уақытында еліміздегі мемлекеттік емес мектептер саны 1993 жылы 11 болса, 2021–2022 оқу жылы 500-ге, 2023–2024 жылы 735-ке дейін өсті. Бүгінде 250 мыңнан астам қазақстандық оқушы жекеменшік мектептерде білім алуда. Бұл елдегі бүкіл мектеп жасындағы балалардың 1 пайызы деуге болады.

Жекеменшік мектептер мен мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу желісінің дамуы мемлекет тарапынан тиісті қолдаудың болуына байланысты. «Білім туралы» заңға сәйкес, жекеменшік білім ордалары барлық деңгейдегі білім бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға құқылы.

– Білім саласындағы бастамаларды табысты іске асыруда жекеменшік білім беру секторының да өзіндік үлесі бар екеніне ешкім дау айта алмасы анық.

– Дұрыс айтасыз. Тек шағын және орта кәсіп өкілдері ғана емес, ірі кәсіп өкілдері де білім саласының дамуына қомақты қаржы жұмсап отыр. Бұл үздік көрсеткіш болып табылады. Жекеменшік білім саласын дәріптеп, танытып жүрген, бүгінгі таңда оларды еліміздегі мандайалды жекеменшік білім ордасына айналдырған тұлғалар да аз емес.

Егемен Қазақстанның жекеменшік білім беру секторы уақыт сынағынан сүрінбей өтіп, қиындықтарды өзгелермен бірге еңсерді. Еліміздің ертеңі – жас ұрпақтың болашағын ойлап, олардың жанжақты, терең білім алып, өнегелі болып өсуін өздерінің өмірлік мұраты деп санаған азаматтар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ білім саласының дамуына қомақты қаржыларын салып, ерен еңбегімен егемен Қазақстанның жекеменшік білім саласының берік іргетасын қалады. Бүгінгі таңда жекеменшік білім беру мекемелері еліміздің Астана, Алматы және Шымкент сынды экономикасы дамыған аймақтары мен барлық облыстарында бой көтеріп, алысқа құлаш сермеп, қанатын кеңге жаюда.

(Соңы 5-бетте)

• МЕЖЕ

СУДЬЯЛАРДЫҢ IX СЪЕЗІ:
СОТ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Астанада өткен Қазақстан судьяларының кезекті IX съезі сот қауымдастығы өміріндегі айтулы оқиға болды.

Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезіне 500-ден астам адам жиналды. Олардың 188-і делегат болса, қалғандары осынау алқалы жиынға арнайы шақырылған Парламент депутаттары, орталық мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, заңгерлік қауымдастықтың, халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың басшылары.

Съезге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Мемлекет басшысы бұл орайда судьялар жұмысына, олардың заң үстемдігін қамтамасыз етудегі рөліне тоқталып, сот төрелігін жүзеге асыру және азаматтардың құқықтарын қорғаудың жауапты миссиясына қолдау мен көңіл бөлудің дәлеліне айналған іс-шараның ерекше мәртебесі мен маңыздылығын атап өтті. Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев съезд делегаттары мен шақырылғандар алдында сөз сөйлеп, XIII съезден кейінгі жылдардағы сот жүйесінің жетістіктерін атап өтіп, сот қауымдастығы алдында тұрған міндеттерді айқындап берді.

Халықаралық құқықтық қоғамдастықтың өкілдері – Сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (CEPEJ) президенті Франческо Депаскуале, Сот әкімшілігінің халықаралық қауымдастығының президенті Луис Пальма, Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар офисінің басшысы Фолькер Фробарт съезге қатысушыларға жемісті жұмыс тіледі.

Съезд мінберінде көтерілген мәселелердің кең ауқымы сот жүйесінің қызметіне, сот тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, судьялардың мінез-құлқындағы кәсіби және этикалық нормаларды сақтауға қатысты болды.

Съезд делегаттары өзекті мәселелерді талқылап, сот тәжірибесінің түрлі аспектілері, халықтың әділет органдарына сенімін арттыру, сот жүйесін одан әрі дамыту перспективалары туралы пікір алмасты.

Сот төрелігі саласындағы заманауи үрдістерді талқылауға Жоғарғы Соттың судьясы Г.Мергенова, Астана қаласының Әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы Д.Әбдіғалиев, Ақтөбе қалалық сотының судьясы И.Досова қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Дәстүр бойынша съезд делегаттары екі съезд арасындағы кезеңде соттың өзін-өзі басқару қоғамдық ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді де талқыға салды.

Съезде ҚР Судьялар одағының төрағасы Сәкен Абдолла баяндама жасап, сот жүйесіне жүктелген міндеттерді атқаруда аса маңызды функцияларды біріктіруге, кәсіби тәжірибе мен озық шетелдік тәжірибе алмасуға арналған іс-шараларды ұйымдастыруға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстар және тағы басқа да жүзеге асырылған білім беру, мәдени және спорттық іс-шараларды ортаға салды.

(Соңы 3-бетте)

• БЕЗБЕН

СЕН ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССІҢ!

Суицид – Қазақстандағы ең өзекті әлеуметтік мәселенің бірі. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид деңгейі ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Қазақстан әлемде суицид саны бойынша 20-орында, ал 10-19 жас аралығындағы балалар арасында 10-орында тұр. Соңғы жылдары бұл көрсеткіштің артуы қоғамның назарын аудара бастады.

2023 жылы Қазақстанда балалар арасындағы суицид саны айтарлықтай өсті. Бұл балалардың психологиялық қысымға жиі ұшырайтынын және қиындыққа төзімсіз екенін, көпшілігінің тығырықтан шығудың төте жолы ретінде суицидті түсінетінін көрсетеді.

2023 жылдың алғашқы тоқсанында тіркелген суицид әрекеттерінің саны 1625-ке жетті, олардың 248-і жастар арасында болды, ал 84-і қайғылы жағдаймен аяқталған. Бұл статистика жастар мен балалардың эмоционалдық және психикалық денсаулығына ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Көптеген зерттеулер балалар арасындағы суицидке буллинг, отбасылық қиындықтар, психологиялық қысым, әлеуметтік желілердің теріс ықпалы және өзінөзі төмен бағалау сияқты факторлардың әсер ететінін көрсетеді. Мұндай мәселелер эмоционалдық жағдайға теріс ықпал етеді, салдарынан балалар тығырыққа тірелгендей сезімде жүреді. Әсіресе, мектеп жасындағы балаларға психологиялық қысым көрсетілгенде, олар өмір үшін күресудің орнына, өмір сүруден бас тартуы әбден мүмкін.

Балалар арасындағы суицидтің алдын алу үшін қандай шаралар қолға алынуы керек? Жастарды өмірге ынталандыру, өмірден өз орнын табуына көмектесу үшін қандай жұмыстар жүргізілгені дұрыс? Осы сауалдарды «Өркен» балалар әл-ауқатының ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамның аға ғылыми қызметкері **Оспанбек Назира Бақытнұрқызына** қойған едік. Маман суицидтің алдын алу, оның себептері мен ата-аналарға және мектеп қызметкерлерінің жауаптылығы туралы толық ақпарат береді.

Балаға мейірім жетіспейді

Суицид – бұл адамның өз өмірін әдейі қиюы. Өмірден баз кешу – өте күрделі және ауыр мәселе. Бұл әлемдегі ең өзекті және шешімі қиын проблемалардың бірі. Өкінішке қарай, ол тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде жыл сайын миллиондаған адамның өмірін алып кетіп жатыр. Әртүрлі зерттеулер мен дереккөздерге сүйенсек, әлемде әр 40 секунд сайын бір адам өз-өзіне қол салады. Бұл дегеніміз, біз осы әңгімемізді жалғастырып отырған сәтте де бір адам өмірден кетті дегенді білдіреді. Мұндай жағдайлар, әсіресе, балалар мен жасөспірімдер арасында өсіп келеді, бұл қоғамды алаңдатып, өзекті мәселеге айналуда.

Балалар арасындағы суицидтің басты себебі ата-аналардың балаларының психологиялық және эмоционалдық жағдайына жеткілікті көңіл бөлмеуімен тығыз байланысты. Көптеген ата-ана өздерінің күнделікті өмірінде жұмысбасты болып, балаларының ішкі әлеміне назар аудармайды. Ұл-қызының қажет дүниесін тауып берсем, аш қалдырмасам, қаржыдан тарықтырмасам болды деп қысқа ойлайды. Ата-ана мейіріміне шөлдеп, өз эмоцияларын жақындарына жеткізе алмаған бала осылайша іштей күйзеліске түседі. Егер ата-ана баласының эмоционалдық жағдайын елемесе, бұл оның психикасына теріс әсер етеді. Балалар ата-аналарының сүйіспеншілігі мен қолдауын сезінбегенде, олар өзін жалғыз сезініп, осындай ауыр шешім қабылдауы мүмкін.

Бақылаусыз жасөспірімді басқару оңай

Қазіргі замандағы технологияның дамуы балалар мен жасөспірімдерге әртүрлі қауіп төндіріп отыр. Әлеуметтік желілер мен онлайн ойындар арқылы балаларды манипуляциялау, оларды қауіпті іс-әрекеттерге итермелеу жағдайлары жиілеп кетті. Кейбір онлайн ойындар мен суицидтік топтар жасөспірімдерге тікелей психологиялық қысым көрсетіп, өмірден бас тартуға үгіттейді. Оған қоса, әлеуметтік желілердегі идеал бейнелер балалардың өздерін басқалармен салыстырып, өз құндылығын түсіріп жіберуіне себеп болуы мүмкін. Бұл олардың өздерін қоғамның қажетсіз мүшесі ретінде сезінуіне және өз өмірін қиюына итермелеуі ықтимал.

Зорлық-зомбылық та суицидке алып келетін тағы бір маңызды фактор. Үйде, мектепте немесе кез келген басқа ортада балалар физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған кезде, олардың ішкі әлемі күйреп, өзін-өзі бағалау деңгейі төмендейді. Мұндай балалар өздерін жалғыз әрі қорғансыз сезінеді, сондықтан олар мұндай ауыртпалықтан құтылудың жалғыз жолы ретінде өз өмірін аяқтауды таңдайды.

Өзін бағаламау – сәтсіздіктің басы

Жыныстық, физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылық балалардың өмірін түбегейлі өзгертіп, оларды үмітсіздікке алып келуі мүмкін. Көптеген балалар мен жасөспірімдер өздерін басқа адамдармен салыстыра отырып, өз құндылықтарын төмендетеді, өзін қор сезінеді. Олардың жетістіктері мен сәтсіздіктері, сыртқы бейнесі, мектептегі жағдайы немесе әлеуметтік қарым-қатынастары өздерін басқалардан төмен бағалауына түрткі болады. Бұл мәселе, әсіресе, жасөспірімдер арасында жиі кездеседі, себебі олар осы кезеңде өздерін қалыптастыруға тырысып, қоғамның оларға қоятын талаптарына сай болуға талпынады. Егер бала үнемі сәтсіздіктерге ұшырап, өзіне сенімсіз болса, ол өз өмірінің мағынасыз екендігін ойлап, осындай ауыр қадамға баруы мүмкін.

Ата-ана – баланың басты қорғаны

Суицидтің алдын алу мәселесінде ата-аналар мен мектеп қызметкерлерінің рөлі өте маңызды. Балалармен дұрыс қарым-қатынас орнатып, олардың проблемаларына бей-жай қарамау арқылы, біз көптеген осындай қайғылы оқиғалардың алдын ала аламыз. Балаға қолдау көрсетіп, оның өмірлік қиындықтарын жеңуге көмектесу – ең басты мақсат. Ата-анаға ұсынылатын ұсыныстардың бірі баланың ішкі әлеміне назар аударып, оның сезімдерін ескеріңіз. Оған өз эмоцияларын ашық айтуға мүмкіндік беріңіз. Балаға қатты сөйлеуден, оны айыптаудан аулақ болыңыз. Оған сіздің әрқашан қолдау көрсетуге дайын екеніңізді сездіріңіз. Баланың әрбір жетістігін мақтап, оны жігерлендіріп отырыңыз. Бала өз отбасында өзін қауіпсіз сезінуі керек. Балаңызбен күнделікті қарым-қатынас орнатыңыз. Оған мектептегі, достарымен қарым-қатынастағы жағдайлары туралы сұрақтар қойыңыз. Ең бастысы, оны тыңдауға дайын болыңыз.

Егер балаңыз бір нәрседен қорқып немесе уайымдап жүрсе, оған қолдау көрсетіңіз және оны жалғыз қалдырмаңыз. Ата-ана мен бала арасындағы ашық қарым-қатынас суицидтің алдын алуда маңызды рөл атқарады. Интернет пен әлеуметтік желілерде баланың немен айналысатынын бақылаңыз. Оны суицидті насихаттайтын қауіпті ойындардан немесе топтардан қорғаңыз. Бұл үшін арнайы бақылау бағдарламаларын пайдалану және интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды. Сондай-ақ балаңыздың қандай контент тұтынып отырғанын бақылап, қажет болған жағдайда онымен осы туралы әңгімелесіңіз. Баланың жеке қасиеттерін бағалаңыз, оның жетістіктерін мадақтаңыз. Баланың өзіне сенімді және қоғамда маңызды тұлға ретінде сезінуіне көмектесіңіз. Оған қоса, баланы жетістіктері мен қабілеттеріне қарай мадақтап, оның бойында өз-өзін бағалауын көтеруге ықпал етіңіз. Баланың өзін бағалауы төмен болса, ол қиындықтарға қарсы тұра алмауы мүмкін.

Мектеп психологы қандай болуы керек?

Мектепте психологтардың рөлі өте маңызды. Балалармен жиі кездесіп, олардың психологиялық жағдайын бақылап отыру керек. Мектеп психологы балалардың мәселелерін тыңдап, оларды шешуге көмектесуі тиіс. Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі оқушылардың эмоционалдық жағдайына назар аударып, олардың өздерін қауіпсіз сезінуі үшін жағдай жасауға міндетті.

Мектеп оқушыларына қарым-қатынас дағдыларын үйрету маңызды. Бұл балалардың бір-бірімен тіл табысуына, қолдау көрсетуіне көмектеседі. Мектеп мұғалімдері балаларға эмоционалдық интеллектті дамытудың маңыздылығын түсіндіруі керек. Мектеп қызметкерлері мен мұғалімдер суицидтің алғашқы белгілерін білуі қажет. Бұл белгілерге баланың оқшауланулы, өзіне деген сенімсіздігі, көңіл-күйінің күрт өзгеруі жатады. Мұндай белгілер байқалған жағдайда, дереу психологқа жүгіну және баланың жағдайына бей-жай қарамау қажет.

Егер бала физикалық немесе психологиялық зорлыққа ұшыраған болса, оның ішкі жарақаттарын уақытында емдеу өте маңызды. Психологпен кеңесу, арнайы терапиядан өту балаларға өздерін қайтадан қауіпсіз сезінуге мүмкіндік береді. Жарақаттарды елемей, баланы жалғыз қалдыру оның суицидке баруына жол ашуы мүмкін. Кейде ата-ана немесе мұғалімдер баланың мәселелерін өздері шеше алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда кәсіби мамандардың көмегіне жүгіну керек. Психологтар, психотерапевттер және басқа да мамандар баланың жағдайын жақсартуға және оны депрессиядан шығаруға көмектесе алады.

Қатермен күрес – елге ортақ

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан балаларға психологиялық көмек көрсету мақсатында бірқатар маңызды бастамалар қолға алынуда. Бұл бастамалардың бірі – балалардың психологиялық денсаулығын қорғауға бағытталған бейнероликтер мен ақпараттандыру материалдарын даярлау. Мұндай материалдар балалардың қауіпті жағдайларда қандай әрекеттер жасауы керектігін түсіндіреді, буллингтің зиянды салдарын және суицидтің алдын алу әдістерін насихаттайды. Аталған бейнероликтер мен ақпараттық материалдар арқылы балалар мен ата-аналар маңызды ақпарат алып, мәселеге саналы түрде қарауға дағдыланады. Осы мемлекеттік шаралардың аясында біздің институт тарапынан да ата-аналарға қолдау көрсетуге бағытталған шаралар іске асырылуда.

Ата-аналар педагогикалық орталықтың қолдауымен арнайы сабақтар өткізіп, оларда буллингтен зардап шеккен балаларға қалай көмек көрсету керектігі, суицидтің алдын алу және баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру тақырыбында нақты сұрақтарға жауап беріледі. Бұл сабақтар ата-аналар үшін маңызды тәжірибе алмасу алаңы ретінде қызмет етеді.

Сабаққа қатысқан ана өзіне қажетті ақпараттармен танысып, баласына қалай көмектесуге болатыны жөнінде практикалық кеңестер мен ұсыныстар алады. Сонымен қатар, педагогикалық әдістемелік нұсқаулар әзірленуде, бұл нұсқаулар ата-аналарға күнделікті өмірде балаларына дұрыс психологиялық қолдау көрсету үшін пайдаланылатын құрал ретінде ұсынылады.

Баланың мінез-құлқы, өмірге деген көзқарасы, өзін-өзі бағалауы және айналасындағылармен қарым-қатынасы көбінесе оның ата-анасының әрекеттерінен қалыптасады. Ата-аналар балаларының көз алдында өмірдің барлық қырларын көрсететін бірінші үлгі. Егер ата-ана сабырлы, мейірімді, және түсіністік танытатын болса, бала да осындай құндылықтарды өз бойына сіңіреді.

Керісінше, егер ата-ана балаға немқұрайлы қарап, оның қиындықтарын елемейтін болса, бала өзін жалғыз сезініп, өмірдегі күрделі мәселелерді шешуге дайын болмауы мүмкін. Бала ата-ананың қолдауын сезінгенде, ол өз өміріндегі кез келген қиындықтармен күресуге қабілетті болады. Мәселен, буллингке ұшыраған бала, егер ата-анасы оны қолдап, оның эмоцияларын түсінсе, бұл ауыр жағдайдан оңай шыға алады. Ата-ананың дұрыс үлгісі арқылы бала қиындықтарды жеңуге үйреніп, өз өмірінің құндылығын түсінеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

• КИЕ

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тіліміздің ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту». Бауыржан Момышұлының осы бір қанатты сөзі ана тіліміздің ұлтымыздың болмысы, таусылмас қазынасы және ұлттың рухы екендігін түсіндіріп беріп тұрғандай көрінеді.

ТІЛІМІЗДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ МІНДЕТІМІЗ

Тіл мәселесі әр кезде назардан тыс қалған емес. Бұл мәселе Ақтөбе облысы Алға аудандық сотының жұмыс жоспарына сай үнемі талқыланып отыратын тақырыптардың бірі. Осындай жақсы ниет, ізгі бастамаларға қарамастан, қазіргі уақытта барлық сала 100 пайыз қазақ тіліне көшіп, мемлекеттік тіліміз жоғары дәрежеде қолданылады деп айта алмаймыз. Себебі әлі күнге дейін сот саласында мекемелерден немесе заңды және жеке тұлғалардан түсетін талап қою, арыздары орыс тілінде жолданады.

Мысалға алып қарайтын болсақ, 2024 жылдың 9 айында біздің сотта 468 азаматтық іс қаралып аяқталған, оның ішінде мемлекеттік тілде 242 іс, пайызбен шаққанда 51,8 %, ал қалған 226 орыс тілінде, яғни 48,3 % құрайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 2024 жылдың 9 айында 679 әкімшілік іс қаралып аяқталған. Оның ішінде мемлекеттік тілде 483 іс, пайызбен шаққанда 71 пайызды құраса, ал орыс тіліндегі 196 іс, 29 % құрайды. Қылмыстық істер бойынша 44 іс қаралып аяқталған, оның ішінде мемлекеттік тілде 26 іс, пайызбен шаққанда 59 % құраса, ал орыс тілінде 18 іс, 41 % құраған. Жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде жалпы мемлекеттік тілде қаралған істер 63 пайызды, орыс тілінде қаралған істер 37 пайызды құрайды.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – тілге жанашыр азаматтарға тікелей байланысты екенін жадымызға сақтап, соны іске асыруға жұмыла кіріссек, мәселе оңынан шешіліп, өз нәтижесін береді деген сенімдемін.

Ғ.УКШЕБАЕВ,
Алға аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

• ПІКІР

ДАУ ТҮЙІНІН ШЕШЕТІН ДЕ, ӘДІЛ ҮКІМ КЕСЕТІН ДЕ – СОТ

Бүгінгі құқықтық, демократиялық қоғамда кез келген даулы мәселелер сот арқылы шешіледі. Соған орай соттың азаматтардың құқығын қорғаудағы жауапкершілігі еселеп артып келе жатқаны анық.

Ғ.ТӨЛЕУХАН,
Тарбағатай аудандық соты әкімшісінің басшысы

Елімізде сот биліктің өз алдына дербес бір тармағы болып қалыптасты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы судьяларының VIII съезінде жасаған баяндамасында сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін атады.

Сотта жариялылықты шектеуге жол берілмейді және барлық мүдделі адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысы залына еркін кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері «Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Бұл үшін «Сот кабинетіне» тіркелуі қажет. «Сот кабинетіне» тіркелген адам электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы болып табылады.

Қазіргі таңда сот процестері барынша ашық және халыққа қолжетімді. Кез келген адам заман ағымына орай сотқа электронды түрде тікелей арыздана алады. Азаматтардың сотта өз құқықтарын қорғауына еш кедергі жоқ.

Тұтынушылардың қай-қайсысының болмасын ойында жүрген мәселенің бірі – сот төрелігінің әділдігі. «Тура биде – туған жоқ» демекші, жаза басқан адам тағдырының шешілер тұсы, өкім беретін төрешісі – сот. Соттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз еткен жаңа өзгерістер жұртшылықтың сот қызметіне деген сенімін нығайтып келеді. Қоғам қалай дамып жатса, сот жүйесі де заман ағымына сай дамып келеді. Халық бар жерде дау болса, даудың аражігін ашып нүктесін қояр – әділ сот. Еліміз өркендеп әділетті қоғам қалыптасуы үшін кәсіби судьялардың қатары көбейіп, сот жұмысы әлі де жаңғыра түскені ләзім.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

• МЕЖЕ

СУДЬЯЛАРДЫҢ IX СЪЕЗІ:
СОТ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл орайда ол Судьялар одағының сот қоғамдастығы қызметінің барлық бағыттарына белсенді түрде атсалысқанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, екі съезд аралығындағы кезеңде судьяларға қойылатын этикалық талаптарды жаңарту мен күшейтуге, олардың қызметтік және қызметтен тыс тәртібін бақылауға, медиа-кеңістіктегі коммуникацияларды қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінді. Сот жүйесі сын-қатерлер мен тәуекелдерге жедел ден қоя отырып, азаматтық қоғамның белсенділігімен және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты жаңалықтар мен үрдістерді ескеруге тырысты.

Съезде қабылданған негізгі шешімдердің бірі – Судья әдебі кодексінің қабылдануы болды. Аталған құжатты әзірлеуге барлық сот жүйесі тартылды, жобаны талқылауға Судьялар одағының филиалдары және заңгерлік қоғамдастықтың мүшелері қатысты. Келіп түскен пікірлер мен ұсыныстарды Жұмыс тобы назарға алып, қазіргі талаптарды ескере отырып, барлық судьялар өз міндеттерін атқару кезінде ұстануға тиіс мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын мұқият зерделеп, таңдады.

Жаңа кодексте белгіленген жоғары этика стандарттары судьяларға өз іс-әрекеттерін дұрыс бағалауға және олардың тәуелсіздігі мен объективтілігіне күмән келтірмеу, қоғамның үмітін және сот жүйесіне деген сенімін ақтау үшін заңдылық пен әділеттілік негізінде шешім қабылдауға көмектеседі. Бүгінде судьяларға деген талап өте жоғары. Олардың терең білімі мен құзыреттілігі ғана емес, сонымен қатар жоғары процессуалдық мәдениеті де айрықша маңызға ие. Судьялар өз қызметін моральдық-этикалық ұстанымдар негізінде құру арқылы өз беделі мен сот абыройын арттыруға сенімді бола алады, бұл олардың қызметінің негізгі аспектісі.

Құжатқа түзетулер енгізумен халықаралық сарапшылық және заң қоғамдастығының өкілдері айналысты. Бұл кодекстің тұрақты құжат емес екенін және оның қоғам мен заңнаманың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс екендігінің дәлелі болды. Заманауи тенденция мен құндылықтарды, судьялардың моральдық қағидаларының маңыздылығын және олардың жоғары миссиясының қадір-қасиетін түсінуін көрсету үшін кодекс ережелерін үнемі жаңартып отыру қажет. Сот төрелігінің сапасы мен сот билігінің беделі осыған тікелей байланысты.

Сот қауымдастығының соңғы төрт жылдағы жұмысының нәтижелері сот жүйесіндегі өзгерістердің жоғары серпінін көрсетеді. Жоғарғы Сотпен, мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен тығыз жұмыс жасай отырып, Судьялар одағы барлық бағыттар бойынша сот жүйесінің қызметін біріктірді.

Өткен съезден кейінгі кезеңде әкімшілік әділет өзін тиімді және қажетті институт ретінде көрсетті. Эксаймақтық принцип әзірленді, ал толық кассациялық тәртіп әлі енгізілмейді.

Съезде айтылған көптеген тың ұсыныстардың ішінде сот жүктемесін оңтайландыру, артық сот процедураларын жою және сот жүйесін ашық ету шараларын қабылдау мәселелері бар. Ал сот төрелігін тиімді жүзеге асыруға жағдай жасауда судьяларға үлкен рөл жүктеледі. Оларға қоғамның тұрақты дамуы және оның моральдық жағдайын нығайту мақсатында заң үстемдігін қамтамасыз ету тапсырылады.

Съезд делегаттары жаңа Судьялық әдеп кодексін және судьялардың IX съезінің қарарын қабылдады. Сот қауымдастығының басшы органдары – Орталық кеңес пен тексеру комиссиясының жаңа құрамы сайланды. Судьялар одағының төрағасы болып Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Досжан Әмір сайланды.

Съезде айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстар, талқылаулар мен қорытындылар оның қорытынды құжаттарын, жаңа құрамның тиімді стратегиялары мен жұмыс жоспарларын әзірлеуге негіз болады. Бұл орайда судьялардың күнделікті қызметінде кездесетін өзекті мәселелерді реттеу, олардың еңбек жағдайын жақсарту, әлеуметтік кепілдіктер, судья мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайту, соттың өзін-өзі басқаруын дамыту үшінші биліктің беделін арттырары күмәнсіз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР
ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші мемлекет. Ендеше өз жеріміздегі атом станциясын салуға әбден қақымыз бар. Кейбір сарапшылар шағын ядролық станциялар салу керек деген пікір айтады. Алайда, көптеген азамат пен бірқатар сарапшы ядролық станцияның қауіпсіздігіне күмәнмен қарайды. Семей полигоны халқымызға қаншама қасірет әкелгенін ескерсек, олардың күдігін түсінуге болады. Сондықтан бұл мәселе бойынша қоғамдық тыңдауларды, егжей-тегжейлі, кең ауқымды талқылауларды жалғастыруымыз керек. Біз маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді референдум арқылы қабылдауымыз қажет. Бұл – 2019 жылы сайлау алдында менің халыққа берген уәдем. Атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі – еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан оны жалпыұлттық референдум арқылы шешкен жөн деп санаймын. Нақты мерзімін кейін анықтаймыз» деді Президент өз жолдауында.

Сондай-ақ «Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер» деген ойын ортаға салды. Ал биыл 27 маусымда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атом электр станциялары бойынша референдум 2024 жылдың күзінде өтеді деп мәлімдеп, қырғыкүйектегі жолдауында: «Былтыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын», – деп атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум өтетін күнді белгіледі.

РЕФЕРЕНДУМ КЕЗІНДЕ 24 АДАМ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

ТМД миссиясының басшысы Леонид Анфимов брифингке қатысып, ақпарат өкілдерінің сауалдарына жауап берді. Леонид Анфимовтың айтуынша, республикалық референдум барысында 24 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Олар референдумға қатысты қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу тәртібін сақтамағаны үшін айыпты деп танылды. Бұл ақпарат ОСК, Жоғарғы Сот, Ішкі істер министрлігі және Бас прокуратура ұсынған мәліметтер негізінде жинақталған. «Осы құзырлы органдардың ақпараты бойынша, есепті кезеңде заңнаманы бұзудың санаулы жағдайы тіркелген. Қылмыстық істер қозғалған жоқ. Орталық комиссияға 66 өтініш, сұрау салулар, ұсыныстар келіп түсті, олар негізінен анықтамалық ақпараттық сипатта болды. ТМД миссиясының басшысы референдумды дайындау және өткізу кезінде елде заңнаманы бұзушылықтарға жедел ден қою үшін қажетті жағдайлар жасалғанын атап өтті.

Ел халқының тең жартысынан астамы сайлаушылар тізіміне енгізілді

Орталық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша 20 млн-нан астам ел тұрғындарының тең жартысынан көбінің дауыс беру құқығы бар. Сайлаушылар тізіміне енгізілген азаматтардың жалпы саны бұл жолы – 12 млн 244 мың 683 адамды құрады. Оның 12 307-сі қызмет бабымен және өзге де себептерімен шетелде жүрген отандастарымыз. Олар үшін Қазақстанның шет елдердегі мекемелері жанынан 59 мемлекетте 74 учаскелік референдум комиссиясы құрылды. Ал республикадағы 10 323 дауыс беру учаскесінің 84-інде дауыс беру таңғы сағат 6.00-де, ал 10 249-ында 7.00-де басталды.

ОРК жедел деректердің негізінде дауыс берудің алдын ала қорытындыларын жариялады

Республикалық референдумдағы дауыс берудің алдын ала нәтижелері туралы ҚР Орталық референдум комиссиясының (ОРК) брифингінде ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров 7 қазан 8:00-дегі жағдай бойынша еліміздің барлық өңірлеріндегі және шет елдердегі 10323 референдум учаскесінде дауыстарды санау аяқталғанын ресми түрде жариялады. Оның айтуынша, аумақтық референдум комиссиялары дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың электрондық көшірмелерін ұсынып, ОРК жедел деректердің негізінде дауыс берудің алдын ала қорытындыларын шығарды.

«Референдумға қатысуға құқығы бар ҚР азаматтарының жалпы саны 12 млн 284 мың 487 адамды құрады. Дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны 7 823 204 адамды немесе референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар санының 63, 66 пайызын құрады. Қазақстанда АЭС салу туралы референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап, дауыс берген азаматтардың саны еліміздің барлық өңірінде дауыс беруге қатысқандардың 71,12 пайызын немесе 5 561 937 адамды құрады. Қарсы дауыс бергендер саны дауыс беруге қатысқандардың ішінен 2 45 271 адам. Жауаптардың екі нұсқасын да таңдаған, яғни жарамды деп танылған, бірақ дауыстарды санау кезінде есепке алынбайтын бюллетендер саны 82 724. Жарамсыз деп танылған бюллетендер саны – 130 267», – деді Нұрлан Мәжитұлы.

Оның сөзіне қарағанда, референдумның ресми қорытындысы екі күннен кейін жарияланатын болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

6 қазан октября РЕФЕРЕНДУМ·2024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ

	Референдумға қатысу құқығы бар ҚР азаматтарының жалпы саны	Дауыс беруге қатысқан азаматтар саны	Сауалдың оң шешімі үшін дауыс бергендер	Сауалдың теріс шешімі үшін дауыс бергендер	Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер	Жарамды деп танылған, бірақ санау кезінде есепке алынбайтын бюллетеньдер
Абай облысы	408 907	283 365	199 413	76 218	4 587	3 147
Ақмола облысы	515 006	367 575	264 431	94 236	5 620	3 288
Ақтөбе облысы	571 433	427 675	298 293	119 291	6 214	3 877
Алматы облысы	996 881	682 971	495 291	174 622	8 529	4 529
Атырау облысы	413 091	260 448	177 346	73 783	5 398	3 921
Батыс Қазақстан облысы	445 544	297 635	187 837	101 796	5 117	2 885
Жамбыл облысы	718 244	438 891	289 117	138 623	7 593	3 558
Жетісу облысы	443 714	300 710	212 844	80 189	4 879	2 798
Қарағанды облысы	764 115	548 952	375 434	161 408	6 971	5 139
Қостанай облысы	543 487	397 914	327 003	58 578	7 922	4 411
Қызылорда облысы	493 634	405 892	317 989	79 988	5 336	2 579
Маңғыстау облысы	436 317	234 640	152 493	72 899	5 119	4 129
Павлодар облысы	507 025	328 512	221 279	96 383	7 561	3 289
Солтүстік Қазақстан облысы	376 481	248 738	178 195	61 366	5 610	3 567
Түркістан облысы	1 183 663	888 415	693 766	178 148	8 766	7 735
Ұлытау облысы	139 070	97 840	78 393	14 608	2 514	2 325
Шығыс Қазақстан облысы	489 410	359 885	271 462	79 053	5 598	3 772
Астана қаласы	911 498	465 776	302 073	150 068	7 967	5 668
Алматы қаласы	1 263 548	318 587	174 184	125 009	12 145	7 249
Шымкент қаласы	663 419	465 783	345 094	109 005	6 821	4 863
БАРЛЫҒЫ	12 284 487	7 820 204	5 561 937	2 045 271	130 267	82 729
		63,66%	71,12%			

СУДЬЯ ӘДЕБІ КОДЕКСІ

2024 жылғы 4 қазанда Қазақстан Судьялар одағының кезекті IX съезі өтті. Онда өзгертіп, толықтырылған жаңа кодекс қабылданды.

Астана қаласы

Қазақстан Республикасының судьялары

Қазақстан Республикасының Конституциясын (Конституция), «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын негізге ала отырып;

адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелерін іске асыра отырып;

әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауға конституциялық құқығын ескере отырып;

қоғам мен мемлекеттегі құқықтың үстемдігін бекіте отырып;

судьялар мінез-құлқының Бангалор қағидаттарының ережелерін назарға ала отырып;

сот билігінің беделін нығайта отырып;

кәсіпқойлықты арттыру, судьялардың әдеп нормалары стандарттарын сақтауы арқылы қоғамның сот төрелігіне орнықты сенімін қалыптастыра отырып;

қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерде әдеп нормаларын сақтауға байланысты шектеулерді өзіне ерікті түрде жүктей отырып;

барлық судьялар үшін өзінің қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерінде басшылыққа алу үшін мына әдеп нормаларын белгілейтін осы Судья әдебі кодексін (Кодекс) қабылдады.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Кодекстің реттеу нысанасы және қолданылу аясы

1. Осы кодекстің реттеу нысанасы судьялар қоғамдастығының қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерде әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында судьялар қоғамдастығы органдарын құру және олардың жұмыс істеу құқығын іске асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

2. Кодекс Қазақстанның судьялар қоғамдастығының ресми актісі бола отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының, Конституциялық заңының және өзге де заңнамасының нормаларында, сондай-ақ сот төрелігі және судьялар қоғамдастығы туралы халықаралық актілердің ережелерінде баяндалған талаптарда негізделген қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында әрбір судья үшін міндетті әдеп нормаларын белгілейді.

3. Әдеп нормаларының қолданылуын реттейтін кодекс ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында, Қазақстан Республикасы ратификациялаған адам құқықтары туралы халықаралық актілерде белгіленген судьялардың жалпыазаматтық құқықтары мен бостандықтарына қандай да бір шектеулер белгілеуді мақсат етпейді.

4. Осы кодекстің реттеу нысанасы:

- егер судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде судья әдебіне қайшы келетін теріс қылыққа жол бермесе, судьяның процестік заңнаманы қолдануымен байланысты әрекеттеріне шағымдарды, өтініштерді шешу;

- тәртіптік істерді қарау және судьяларға тәртіптік жаза қолдану болып табылмайды. Мұндай материалдар судьялар қоғамдастығының органдарына келіп түскен жағдайда, олар Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының Судьялар одағының филиалдары жанындағы судья әдебі жөніндегі комиссиялар (Судья әдебі жөніндегі комиссия) туралы ережеде және Қазақстан Республикасы Судьялар одағының орталық кеңесінің (бұдан әрі – Орталық кеңес) регламентінде көзделген тәртіппен Сот жюриіне беріледі.

5. Осы кодекстің күші Қазақстан Республикасының судьяларына, соттардың төрағаларына, сот алқаларының төрағалары мен отставкадағы судьяларға, олардың Конституциялық заңда белгіленген мәртебесі ескеріле отырып қолданылады.

2-бап. Кодекс ережелерінің түсіндірмесі

1. Осы кодекстің ережелері судьялардың әдеп нормаларын бұзғаны, олардың судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін шағымдарды, өтініштерді шешу барысында судьялардың тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейтіндей және жалпы сот жүйесінің беделін түсірмейтіндей етіп түсіндірілуі және қолданылуы тиіс.

2. Судья әдебін сақтаудың қандайда бір мәселелері осы кодекспен реттелмеген жағдайда, әдепті мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормаларын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және судьялар үшін әдеп нормаларының стандарттарын белгілейтін халықаралық актілерді басшылыққа алу қажет.

3-бап. Осы кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы кодексте мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) судьяның беделі – судьяның адалдығына, шыншылдығына, әділдігіне, бейтараптылығына, тәуелсіздігіне қоғамда қалыптасқан сенімділік;

2) қызметтен тыс қарым-қатынастар – судьяның өз қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты емес электрондық түрде және желіде сөйлесулерін қоса алғанда, күнделікті өмірде адамдармен жеке қарым-қатынастары;

3) халықаралық стандарттар – халықаралық ұйымдар қабылдаған, судьялар қоғамдастығы таныған, сот төрелігіне және судьялардың қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерінде әдеп нормаларының сақталуына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарттар;

4) процестік емес байланыс – судьяның іске қатысатын адамдармен, олардың өкілдерімен және істің нәтижесіне мүдделі басқа да адамдармен заңнамада көзделмеген байланысы (сөз байласу, әңгімелесу, хат алмасу және өзге де қарым-қатынастар);

5) судьялардың әдеп нормаларын бұзушылығына жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттік органдардың шағымдарын, өтініштерін қарау жөніндегі судьялар қоғамдастығының органдары – Судья әдебі жөніндегі комиссиялар және Орталық кеңес;

6) сот қызметкерлері – Қазақстан Республикасының сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, оның жергілікті және басқа да соттардағы құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері;

7) әдеп нормалары – судьялар қоғамдастығы қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерде сақтау үшін ерікті түрде қабылдаған қоғамда жалпыға танылған құндылықтар мен мінез-құлық қағидаларының жүйесі.

2-ТАРАУ. ҚЫЗМЕТТІК ІС-ӘРЕКЕТТІ ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

4-бап. Судьяның қызметтік міндеттерін атқару кезінде әдеп нормаларын сақтауы

Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде әріптестер, қызметкерлер мен сотқа келушілер арасында заңдар мен әдеп нормаларын сақтауға, кеңсешілдік пен қағазбастылыққа жол бермеуге, сол арқылы қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтуға ықпал етуге міндетті.

Судья сот төрелігін іске асыру барысында заң үстемдігін, әділдік пен сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

Судья қызметтік іс-әрекетті жүзеге асыру барысында заңды ұстануға және кез келген бөгде ықпалдың жолын кесуге, қауіп-қатерлерге, қысым мен заңсыз әсер етуге, кімнің болса да сот процесіне тікелей немесе жанама араласуына қарсы тұруы тиіс.

Судья сот талқылауы барысында:

этикетті, сыртқы келбетін, сот отырысын тиісінше жүргізу мәдениетін сақтауға, сондай-ақ тәртіпті сақтауға, процестің барлық қатысушыларына және сот қызметкерлеріне құрмет білдіруге тиіс. Бұл ретте процеске қатысушылардан, сот қызметкерлерінен және басқа да қатысып отырған адамдардан сондай мінез-құлықты талап етуге тиіс;

өз мінез-құлқымен судьялардың шыншылдығына, адалдығына, сатылмайтындығына және бейтараптылығына қоғамның сенімділігін қалыптастыратындай әрекет етуге тиіс.

Судьяның:

сот төрелігін іске асыру кезінде өзінің бейтараптылығына, адалдығына және әділдігіне күмән келтіруі мүмкін әрекеттерді жүзеге асыруына жол берілмейді;

жеке пайдакүнемдік мүдделерін немесе басқа адамдардың мүдделерін ілгерілету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдалануына жол берілмейді;

біреуден заңсыз қаржылық және мүліктік преференцияларды талап етуіне және жеке өзі не үшінші тұлғалар арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген жеңілдіктер мен артықшылықтарды қабылдауына жол берілмейді;

қызметтік ақпаратты, процеске қатысушылардың дербес деректерін процестік емес пайдалану (ашу) немесе жариялауға, лауазымдық жағдайына байланысты өзіне белгілі болған кез келген алынған мәліметтерден пайда көруіне жол берілмейді. Ол мұндай мәліметтер мен ақпаратты, егер қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты болмаса, пайдалана алмайды немесе біреуге жария ете алмайды;

оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқа, депутаттық мандатпен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, басшылық орган немесе коммерциялық ұйымның бақылау кеңесінің құрамына кірумен байланысты және өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруына жол берілмейді.

Судья ұжымда әріптестері мен сот қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және оған қолсұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы ахуал мен моральдық-психологиялық жағдай жасауға бағытталған шаралар қабылдауы қажет.

Судья әдеп нормалары мен кәсіби білімін жетілдіру мақсатында оқу мен өздігінен білім алудың қолжетімді нысандарын пайдалана отырып, шаралар қабылдауы тиіс.

Судьяның лауазымдық жағдайы оған заңда белгіленген тәртіппен өзінің конституциялық құқықтары мен кепілдіктерін қорғауға кедергі келтірмейді.

3-ТАРАУ. ЖАРИЯ, АҚПАРАТТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕН ТЫС ҚАТЫНАСТАРДА ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

5-бап. Қоғамда әдеп нормаларын сақтау

Судьяға кез келген азамат сияқты сөз, ар-ождан, бірлесу, ақпарат тарату бостандығын және басқаларды қоса алғанда, конституциялық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Осы құқықтарды іске асыру барысында судья сот жүйесінің беделін сақтауды ұмытпауға және әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеуге, сондай-ақ өзінің тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін қарым-қатынастардан аулақ болуға тиіс.

Судья қоғамдағы кез келген жағымсыз мінез-құлықтан, жұртшылықтың алдында өзінің қадір-қасиеті мен жалпы сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіретін барлық әрекеттерден сақ болуы қажет.

Судья азаматтармен және жұртшылықпен қарым-қатынаста сыпайылық, ашықтық танытуы, дөрекілік, олардың қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуі, өзінің әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс.

Судьяның қоғамдағы мінез-құлқы соттың шыншылдығына, объективтілігіне және тәуелсіздігіне қоғамның сенімділігін арттыруға ықпал етуі тиіс.

6-бап. Судьяның қауымдастықтар мен бірлестіктерге қатысуы

1. Судьялар қоғамдық бірлестіктер құрып, олардың мүшесі бола алады, бірақ саяси партиялардың, кәсіптік одақтардың қатарында бола алмайды және қандай да бір саяси партияларды жақтап не оларға қарсы тұра алмайды.

2. Судьяның тәуелсіздігі мен бейтараптылығына қатер төндірмеу үшін судья саяси мақсаттарды қолдауға қаражат жинау бойынша қоғамдық іс-шараларға қатыспауы тиіс.

7-бап. Жария және ақпараттық қызмет

Судья бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің құқықтарына, оның ішінде сот талқылауы туралы ақпарат алу құқығына құрмет көрсетуі тиіс. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сот процесінің жариялылығы қағидатын бұзуға жол берілмейді.

Судья сот өндірісіндегі сот ісінің мәні бойынша жария мәлімдеме жасамауы, сот актілеріне күмән келтірмеуі тиіс, бұл журналистерге істі құқықтық актілерде көзделген тәртіппен қарау туралы ақпарат беру мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Судьяның қызметтік іс-әрекетті атқаруы кезінде әлеуметтік желілерді немесе хабар алмасу сервистерін пайдалануы (мысалы, істі онлайн форматта қарау) заңнама талаптарына ғана емес, әдеп нормаларына да сәйкес келуге тиіс.

Судья жеке тәртіппен масс-медиада, онлайн-платформаларда, әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасауда ұстамдылық танытуы, сондай-ақ интернетте ақпарат пен суреттерді орналастыру және жіберу кезінде судьяның абыройына және жалпы сот жүйесінің беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс.

Судья өз шешімдеріне көпшілік білдірген сын-пікіріне жауап қайтармауы тиіс. Көпшіліктің сын-пікірін тыңдап, өз қызметіне сындарлы сын-пікір мен оның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне әдейі нұқсан келтіретін өрескел негізсіз айыптаулар арасындағы айырмашылықты ажырата білуі қажет. Азаматтар және жұртшылық тарапынан судьяның қызметтік іс-әрекетіне әдейі өрескел негізсіз айыптаулар тағылған жағдайда, ол немесе судьялар қоғамдастығының органдары судьяның тәуелсіздігіне деген қоғамның сенімін нығайту және сот жүйесінің беделін түсірмеу үшін судьяның заңды шешіміне жария түрде түсініктеме беру жөнінде сот төрағасына өтініш жасай алады.

Егер судьяның қызметі оның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланса, судья ар-намысын, қадір-қасиеті мен іскерлік беделін, сондай-ақ өзінің заңды мүдделерін қорғаудың заңмен белгіленген құралдарын өздігінен таңдауға құқылы.

Осы бапта көрсетілген ережелер судьяның қоғамдық форумдарда сот шешімдеріне құқықтық талдау жасауын шектемейді және оған сот төрелігін іске асыру және сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша жария пікірталасқа қатысуға тыйым салмайды. Бұл ретте жария пікірталастарға қатыса отырып, судья нақты шешімдерге түсініктеме беру барысында әдептілікті сақтауы тиіс.

8-бап. Судьяның өз отбасы мүшелерінің мүдделері туралы хабардар болуы және теріс пайдаланудың алдын алу шаралары

1. Судья өз отбасы мүшелерінің материалдық (мүліктік) мүдделері туралы хабардар болуы, мүдделер қақтығысын тудыратын және сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін жағдайлардан алшақ болуы тиіс.

2. Судья отбасы мүшелерінің сот төрелігін іске асырумен байланысты қызметіне араласуына, жеке мүдделеріне немесе басқа да адамдардың мүдделеріне қолжеткізу үшін лауазымын пайдалануына мүмкіндік беруге құқылы емес.

3. Судьяның отбасы мүшелеріне оның іс жүргізуіндегі іс бойынша мүдделі тұлғалардан сот төрелігін іске асыру барысында тәуелді ететін қандай да бір игіліктерді қабылдауға немесе талап етуге жол берілмейді.

9-бап. Кодексті қолдану туралы консультация беру

1. Судья Судья әдебі жөніндегі комиссияға өзі жоспарлаған немесе болжап отырған мінез-құлық моделінің әдеп нормаларына сәйкестігі тұрғысынан түсіндіру туралы ресми сұрау салумен жүгінуге құқылы.

2. Түсіндірме осы мәселе бойынша судьялар қоғамдастығы органдарында шағым қаралмаған жағдайда беріледі және ұсынымдық сипатта болады.

4-ТАРАУ. КОДЕКС НОРМАЛАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

10-бап. Әдеп нормаларын бұзу туралы материалдарды қарау үшін негіздер және ден қою шаралары

Судья әдебі жөніндегі комиссияның материалдарды қарауы үшін судьяның әрекеті (әрекетсіздігі) қызметтік міндеттерді атқару кезінде не қызметтен тыс іс-әрекетте әдеп нормаларын бұзумен ұштасқан жеке, заңды тұлғаның, мемлекеттік органның шағымы, өтініші немесе бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарындағы мәліметтер мен фактілер негіз болып табылады. Материалдарды қарау барысында осы бұзушылықтардың барлық нақты мән-жайлары, ниеттері, уәждері, сондай-ақ теріс қылықтың «ауырлығы» және оның салдарлары ескеріледі.

Егер судьяның әдеп нормаларын бұзу фактісі анықталмаса (расталмаса), шағым, өтініш бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

Егер тексеру барысында судьяның тәртіптік теріс қылықтың саралаушы белгілерінсіз әдеп нормаларын бұзу фактісі анықталса, Судья әдебі жөніндегі комиссия судьяға қоғамдық айыптауды қолдану туралы шешім қабылдайды. Судьялар қоғамдастығы органдарының судьяның әдеп нормаларын бұзуына ден қою шарасы ретіндегі қоғамдық айыптау судьяның мінез-құлқын сипаттайтын белгі болып табылады, бірақ ол тәртіптік жазаға жатпайды және судьяны тәртіптік жауаптылыққа тарту үшін негіз бола алмайды.

Егер шағымды қарау қорытындысы бойынша тәртіптік іс жүргізуді қозғауға алып келетін Конституциялық заңда көзделген негіздер бойынша судья әдебіне қайшы келетін, судьяның атына кір келтіретін теріс қылық жасау белгілері анықталса, Судья әдебі жөніндегі комиссия судьяға қатысты материалдарды тәртіптік іс жүргізу арқылы оның әрекеттерінде судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасау фактісін тексеру үшін Сот жюриіне беру туралы шешім қабылдайды.

Судья әдебі жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің не Сот жюриінің судьяның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасау фактісінің болуы немесе болмауы туралы сұрау салуына (өтінішіне) белгіленген тәртіппен қорытынды береді.

11-бап. Судья әдебі жөніндегі комиссияның шешіміне шағымдану

1. Судья өзіне қатысты қабылданған Судья әдебі жөніндегі комиссияның шешіміне Судья әдебі жөніндегі комиссия туралы ережеде көзделген тәртіппен және мерзімде, бірақ Конституциялық заңның 42-бабы 1-тармағында көзделген тәртіптік іс жүргізуді бастау мерзімі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей Орталық кеңеске шағым келтіруі мүмкін.

2. Орталық кеңес Судья әдебі жөніндегі комиссияның шешіміне шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімді өзгертусіз қалдыратын қаулы қабылдайды, не оның күшін жояды және қаулы нысанында жаңа шешім қабылдайды немесе сол не басқа өңірдің Судья әдебі жөніндегі комиссияның қайтадан қарауына жібере отырып, шешімнің күшін жояды не Судья әдебі жөніндегі комиссияның шешімін өзгертеді және ол түпкілікті болып табылады.

12-бап. Судья әдебі жөніндегі комиссияның шешімін қайта қарауға негіздер

1. Судья әдебі жөніндегі комиссия судьяның өтінішхаты және автордың өтініші бойынша Сот жюриі шешім қабылдағанға дейін судьяға қатысты бұрын қабылданған шешімді қайта қарауы мүмкін.

2. Шешімді қайта қарау туралы өтінішхатты өзіне қатысты шешім қабылданған судья және өтініші бойынша шешім қабылданған автор Судья әдебі жөніндегі комиссияға бере алады.

3. Шешімді қайта қарауға Судья әдебі жөніндегі комиссияға белгілі болмаған және жеке өзі немесе бұрын белгіленген мән-жайлармен бірге басқа шешім қабылдау үшін негіз болатын осындай мән-жайлар негіз болып табылады.

5-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13-бап. Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Осы кодекстің ережелері Қазақстан судьяларының съезінде өзгертілуі, толықтырылуы немесе күші жойылуы мүмкін.

14-бап. Кодексті қолданысқа енгізу

Осы кодекстің ережелері Қазақстан судьяларының съезі қабылдаған кезден бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы кодекс қабылданған күннен бастап Судья әдебі жөніндегі комиссия туралы ереже және Орталық кеңестің регламенті осы кодекске қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады деп белгіленсін.

Қазақстан судьяларының VII съезінде 2016 жылғы 21 қарашада қабылданған Судьялық әдеп кодексінің күші жойылды деп танылсын.

«ЖЕКЕ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІ ҚОЛДАУДАН ТЫС ҚАЛМАУЫ КЕРЕК»

Роза САДЫҚОВА,
Жекеменшік білім ұйымдары республикалық қауымдастығының төрайымы:

(Соңы. Басы 1-бетте)

Білім берудің жекеменшік секторы жүйесін қалыптастырудың бастапқы қиын кезеңнен лайықты өтуі, білім беру жүйесін реформалаудың, Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту үдерісіне өзіндік үлес қосқан педагогтардың озық әдістемелері мен кәсібилігін тиімді пайдаланудың дәлелі. Құрылтайшылар мен әріптестеріміздің осы салаға жұмсаған күш-жігері отанымыздың экономикалық жаңғыруы мен өркендеуіне қосылған қомақты үлес.

– Өзіңіз жетекшілік ететін қауымдастықтың алдына қойған мақсат-міндеттері қаншалықты орындалды?

– Біздің қауымдастық жекеменшік білім ұйымдарының басын біріктіріп, қызметін үйлестіріп, білім беру қызметін көрсететін қатысушылар үшін бастапқы ахуал тең болуын көздеп, барлық деңгейдегі мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының мүддесін 19 жылдан бері қорғап келеді. Осы жылдар ішінде аталмыш қауымдастық мемлекеттік секторда білім беруді тиімді толықтыру арқылы мемлекеттік емес білім берудің барлық деңгейлерін біріктіретін жекеменшік білім беру саласындағы кәсіби ұйымға айналды. Қазіргі кезеңде жекеменшік оқу орындары мемлекеттік білім беру жүйесінің бір бөлігі мәртебесін иеленді десек те, олардың жағдайының теңдігі туралы айтуға әлі ертерек.

– Жекеменшік мектептерді мемлекеттік қолдау жағы қалай?

– Білім беру жүйесінің тұрақты дамуы «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі ретінде танылған. Қазақстанда прогрессивті білім беру жүйесін құру үшін мемлекет қолайлы жағдайлар жасады және бұл үрдіс өзінің жалғасын табуда. Елімізде сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуетін дамытуға, халықаралық тәжірибе алмасуға, инновациялық жобалар мен шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Мемлекет шағын және орта бизнеске лайықты қолдау көрсетіп, «Қазақстан – 2050» стратегиясын және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру шеңберінде 2015 жылы 31 қазанда «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» заң қабылдады. «Бизнестің жол картасы – 2025» кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Мемлекет пен қоғамның қалыптасуындағы, ұрпақ тәрбиесіндегі мұғалім рөлінің маңыздылығын айқындап, ұстаздардың құқықтарын қорғауға бағытталған теңдессіз заңнамалық АКТ – «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Мұғалімдер және олардың негізгі міндеттері мен әлеуметтік кепілдіктерін анықтау, оқушы орындарының тапшылығын жою және үшауысымды мектептер мәселесін шешу мақсатында білім сапасын арттыру үшін 2018 жылдан бастап еліміздің оқу орындарында, оның ішінде жекеменшік мекемелерде жан басына қарай қаржыландыру жүйесі кең ауқымда енгізілді.

– Пандемия кезіндегі қиындықтарды қалай еңсердіңіздер?

– Карантиндік режимде төтенше жағдайларға байланысты мемлекет қашықтан білім беру форматына көшу туралы шешім қабылдағаны белгілі. Президент Әкімшілігі, Оқу-ағарту министрлігі және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жекеменшік білім беру секторына көмек көрсетіп, қолдау жасады. Коммуналдық төлемдерді төлеуді кейінге қалдыру және салықтардан, жарналардан және жалақыдан аударымдардан босату өз жемісін берді. 2020 жылдың сәуір-қазан айлары кезеңіне және несие төлемдерін кейінге қалдыру, жеке білім беру секторындағы заңды және жеке тұлғалардың несиелері бойынша сыйақы есептеулерін шектеу көзделген болатын. Бұл қиын кезеңде жеке білім беру секторына (балабақшалар, мектептер, колледждер) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру тоқтатылмай, уақытылы төлеу жүзеге асырылып отырды.

Мемлекет осындай қиын кезеңде жеке білім беру секторына преференциялар беру арқылы халық арасындағы әлеуметтік шиеленісті жеңілдетті. Бұл құрылтайшыларға мұғалімдердің, қызметкерлердің және ата-аналар алдындағы міндеттемелерін орындауға мүмкіндік беріп, ең бастысы, олардың жұмыс орындарын сақтап қалуына көмектесті.

– Жеке білім беру ұйымдарының нығаюына және олардың өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі рөлінің күшеюіне көптеген факторлар, соның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту ықпал етеді емес пе?

– Мемлекеттік қолдаудың арқасында мемлекеттік емес мектептерге жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды енгізу және біліктілік талаптарын жеңілдету жекеменшік мектептердің дамуына айтарлықтай серпін берді. Заңдық базаның жетілдірілуіне және елдегі жекеменшік мектептерде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың енгізілгеніне қарамастан, жаңа мектептер ашу қажеттілігі әлі де сақталуда. Бұл мәселе ойдағыдай шешілуі үшін, әрине, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті одан әрі дамыту кезек күттірмейді.

Жекеменшік білім беру ұйымдарының республикалық қауымдастығы сарапшыларының пікірінше, ұзақ мерзімді перспективада жеке мектептің білім нарығы өседі. Мысалы, мектеп ұйымдарының контингенті мен желісінің серпінді өсуі, оқу пәндерін базалық оқуды ғана емес, сонымен қатар балаларды оқытуда да, тәрбиелеуде де жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын орта білімге деген сұранысты көрсетеді. Мектептегі білім жылына 2–4% өсу қарқынымен дамушы нарықтың динамикасын жалғастырады. Сонымен қатар, бала туу көрсеткішінің жоғары болуына байланысты жеке білім беру қызметтеріне сұраныс артып отыр. Сондай-ақ Қазақстанда орта таптың нығаю үдерісі де сапалы білімге деген қажеттіліктің артуына ықпал етуде. Бүгінде жеке білімге деген көзқарас өзгерді. Жекеменшік және мемлекеттік білім беру ұйымдарының екеуі де қоғамдағы білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

> *Жеке білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру процесінде мемлекеттік қолдау жоқ. Жеке білім беру ұйымдары педагогтарының бюджет қаражаты есебінен (соның ішінде «НЗМ» деңгейлік бағдарламалары арқылы) біліктілігін арттыруға мүмкіндігі жоқ. Ондағы оқушылар мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде мемлекет тарапынан оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілмейді. Жеке білім беру саласы өкілдерінің үкіметтік және ведомстволық наградалар алуына мемлекет тарапынан тиісті деңгейде қолдау көрсетілмейді.*

– Жекеменшік мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдердің құқығы қаншалықты қорғалған?

– Өкінішке қарай, біз жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу және педагог мәртебесін көтеруді қамтамасыз ету жағдайында жеке білім беру секторы өкілдерінің бірқатар конституциялық құқықтары ойынша бұзылды деп есептейміз. Атап айтқанда: жаңартылған білім мазмұнын енгізу аясында білім беру және педагог мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету, білім берудің жеке және мемлекеттік секторы қызметкерлері үшін әлеуметтік кепілдіктердің теңдігі қамтамасыз етілмеді. Жеке білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру процесінде мемлекеттік қолдау жоқ. Жеке білім беру ұйымдары педагогтарының бюджет қаражаты есебінен (соның ішінде «НЗМ» деңгейлік бағдарламалары арқылы) біліктілігін арттыруға мүмкіндігі жоқ. Ондағы оқушылар мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде мемлекет тарапынан оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілмейді. Жеке білім беру саласы өкілдерінің үкіметтік және ведомстволық наградалар алуына мемлекет тарапынан тиісті деңгейде қолдау көрсетілмейді.

Міне, осыған байланысты бүкіл қазақстандық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде жеке сектордың неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін бірқатар мәселелер шешімін тапқаны жөн. Мәселен, жеке және мемлекеттік білім беру секторы қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктердің теңдігі қамтамасыз етілуі тиіс. Қарапайым ғана мысал, жеке мектептерде жұмыс істейтін педагогтардың қолданыстағы мемлекеттік бағдарлама бойынша жеңілдікпен тұрғын үй сатып алуға мүмкіндігі жоқ. Сонымен қатар, бюджет қаражаты есебінен (оның ішінде «НЗМ» деңгейлік бағдарламалары бойынша) жекеменшік білім беру ұйымдары мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға мемлекеттен қолдау көрсетілгені аса маңызды. Сондай-ақ мемлекет жекеменшік білім беру ұйымдарының педагогтарына бюджет қаражаты есебінен (соның ішінде «НЗМ» деңгейлік бағдарламалары бойынша) біліктілігін арттыруға мүмкіндік беруі қажет.

Бұған қоса, мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының оқушылары мемлекеттік білім беру ұйымдарының оқушыларымен тең негізде оқулық және оқу-әдістемелік кешендерімен қамтылуы керек. Осы ретте, жеке білім беру секторының ең лайықты өкілдеріне Қазақстан Республикасының білім беру саласы мен экономикасын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Үкіметтік және ведомстволық наградаларды алуға қолдау көрсету орынды деп есептейміз.

Сонымен қатар, жеке білім беру ұйымдары «Даму» қорынан несие алған кезде субсидиялау пайызын арттыру керек деп санаймыз. Әсіресе, жеке білім беру ұйымдарының ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін алудағы шектеулерді барынша азайтса үлкен жеңілдік болар еді. Мәселен, жеке білім беру ұйымдарына қажет ғимараттарды салу үшін жер телімдерін тегін беру мәселесі шешілсе, үлкен көмек болары анық. Сондай-ақ, пайдаланылмайтын ғимараттарды жеке білім беру ұйымдарының сенімгерлік басқаруына беру мәселесінің де шешілетін кезі келді. Жекеменшік мектептердің операторлары мен инвесторлары инвестициялық жобаны сәтті жүзеге асырған жағдайда, пайдалануға берілген жер учаскелеріне бірден меншік құқығы берілсе, үлкен қолдау болмақ. Бұл инвесторды кепілдеме қоюдан босатады және несиелік жүктемені азайтады. Барлық коммуникацияларды тендерсіз және кідіріссіз мемлекет есебінен орнатудың пайдалы жағы аз емес. Осы ретте әкімдіктерді жеке мектептерді желілермен қамтамасыз етуге міндеттеу балаларға қолайлы орта қалыптастыру үшін керек екенін естен шығармайық. Жан басына шаққандағы қаржыландыру коэффициентін және күрделі шығындардың қайтарымдылығын арттыру; рұқсаттар алуда бюрократиялық процедуралардан өтуде қолдау көрсету; жеке секторға бастапқыда қолдау көрсету және білім беру бағдарламаларын таңдауда толық еркіндік беру керек деп санаймыз.

Бізге негізгі жаңа, икемді Мемлекеттік білім стандарты қажет, еркіндік пен икемділік қажет. Мемлекет жоғарыда айтып өткен мәселелерге жақсы қолдау көрсетсе, уақыт өте келе еліміздегі жекеменшік мектептердің саны мен олардың жалпы білім беру жүйесіндегі үлесін 30%-ға дейін көтеретінімізге сенімдіміз. Бұл бюджетке түсетін салмақты айтарлықтай жеңілдетеді және елдегі білімнің өркендеуіне серпін береді деп сенеміз.

– Соңғы кезде жекеменшік мектептер мемлекеттік білім беру тапсырысын уақытылы ала алмай отыр дегенді естиміз. Бұл қаншалықты рас?

– Бүгінде жекеменшік мектептер оқушы орындарының тапшылығын қысқартып, жаңа озық педагогикалық әдістемелер мен оқушыларды қосымша біліммен қамтып отыр. Құрылтайшыларымыз бен әріптестеріміз еліміздің білім саласының дамуына қомақты қаржы салып, зор күш-жігерін жұмсап отыр. Осылайша олар Отанымыздың экономикалық жаңғыруы мен өркендеуіне үлес қосуда. Алайда бізде ата-анадан ақша алмай, тек жан басына шаққандағы қаржыландыруға сүйеніп жұмыс істеп отырған жеке мектептердің жағдайы кейін мүшкіл болып, ұстаздарға дер кезінде еңбек ақысын төлей алмай, жабылып қалуы мүмкін деген үрей, қорқыныш бар. Құзырлы орган басшылары осыны естіп, ұстаздар күні қарсаңында бұл мәселені шешіп, жекеменшік оқу орындарының құрылтайшылары мен ұстаздарын бір серпілтіп, қуанышқа кенелтсе жөн болар еді. Біз ұсынған бастаманың өзектілігін түсінуге және осы мәселелерді шешуге мемлекет тарапынан биік қолдау көрсетіліп, жекеменшік білім беру секторында елеулі өзгеріс болады деп үміттенеміз.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• РЕФОРМА

ЦИФРЛАНДЫРУ АШЫҚТЫҚТЫ АРТТЫРАДЫ

Заман ағымына сай барлық сала жұмысы жаңа бағытта өркендеуде. Олардың ішінде сот жүйесі де бар. Қазіргі таңда жүйеге электронды технологиялар дендеп ендіріліп, халыққа заманауи форматта қызмет көрсетілуде.

Осыған орай, істердің көпшілігі сотқа электронды форматта түсуде. Сондай-ақ, азаматтық істерде сот бұйрығын шығару, жеңілдетілген іс жүргізу бойынша арыздар электронды нысанда қаралады. Ал қылмыстық істерде «Төрелік» ақпараттық жүйесімен үйлестірілген «Электрондық қылмыстық іс» жүйесі жұмыс істейді. Бұл жаңашылдық қылмыстық істердегі сот өндірісінің барлық кезеңін цифрландыруға жол ашты. Сот отырысына келіп қатысуға мүмкіндігі жоқ азаматтар мобильді қосымшалардың және басқа да электронды технологиялардың көмегімен онлайн түрде қатыса алады.

Бүгінде электрондық жүйенің ең басты тиімділігін істердің цифрлық нысанда сақталуын қамтамасыз етуімен байланыстыруға болады. Сот актілерінің арнайы базада сақталуы жұртшылықпен қарым-қатынастың ашықтығын көрсетеді. Сала жұмысын цифрландыру сот процесіндегі ашықтықты одан әрі қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, жемқорлықтың алдын алып, сот жүйесіндегі қағазбастылықты азайтуда. Қазақстанда жасалып жатқан сот реформалары сот төрелігі жүйесін азаматтар талаптары мен мүдделеріне жақындатып, істердің сотта қаралу сапасын айтарлықтай арттырды. Ел соттарында сот қызметінің кедергісіз атқарылуына барлық мүмкіндік жасалып жатқанына көпшілік куә.

Осы тұста айтарымыз, елімізде жүргізіліп жатқан сот реформалары тек сот жүйесі мен сот төрелігін жүзеге асыруға ғана емес, сонымен қатар, сот әкімшілігіне де тікелей қатысты болуда. Бүгінде Сот әкімшілігінің мәртебесі орталық органдармен теңестіріліп, Сот әкімшілігі департаментінің құзыреті кеңейтілді, бұл өз кезегінде жауапкершіліктің бұрынғыдан да артуына ықпал етті.

Сот әкімшілігі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, халықтың құқықтық сауатын жоғарылату, кері байланыс орнату мақсатында БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерге құқықтық танымдағы материалдарды ұдайы беріп отырады. Сондай-ақ сот практикасы бойынша талдау жүргізу саладағы мәселелерді анықтап, оларға қатысты ұсыныстар әзірлеу жұмыстары жоғары деңгейде атқарылуда. Сотқа келушілер үшін күту залы, жұмыс жасау секторы, ақпарат орталығы, адвокаттар мен медиаторлар орны, соттардың кіріс кеңсесі жұмыс істейді. Бұған қоса азаматтарға әрдайым түсіндірме жұмыстары жасалып, арыз-шағымдардың уақытылы орындалуы кеңсе тарапынан бақылауға алынады.

Мемлекет басшысы айтқандай, «Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз – дәл сондай қоғам құру». Қазақстанның сот жүйесінің осы бағытта дамып келе жатқанын жүзеге асырылып жатқан реформалардың нәтижесі деп көрсетуге болады.

Меруерт РАТОВА,
Наурызбай аудандық
соты әкімшісінің басшысы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• ҚАБЫЛДАУ

ТҰРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ ӘКІМНІҢ ЖІТІ НАЗАРЫНДА

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – бұл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауына арқау болған бағыттардың бірі. Мемлекет басшысының тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр.

Әрине, билік бұқараға барынша жақын болуы керек. Ел сенімін ақтайтын лауазымды қызметкерлер өзінің алдына өзекті мәселесімен келген адамның өзегінен теппей, қайта оның мәселесін шешіп беруге ұмтылуы тиіс. Президент жолдауында айтылған пікірді міне, осы бес ауыз сөзге сыйдыруға болады.

Соңғы кездері айтылған сөз іс жүзінде де жүзеге асып жатқаны қуантады. Оған мысал келтірер болсақ, Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында Шымкентте әр айдың сәрсенбісінде тұрғындар үшін бірыңғай қабылдау өткізіліп тұрады. Бұл сәрсенбідегі кезекті қабылдау барысында қала әкімі Ғабит Сыздықбеков, қала әкімі орынбасарлары, басқарма басшылары мен аудан әкімдері, сонымен бірге полиция және прокуратура өкілдері де азаматтарды қабылдайды.

Жуырда өткен бірыңғай қабылдауда 250-ден астам азаматтың өтініші қаралды. Өтінішін айтқан тұрғындардың басты мәселелері көбіне тұрғын үй, жер қатынастары, энергетика, білім беру, автомобиль жолдары және абаттандыру салаларына қатысты болды.

Қабылдау кезінде көптеген сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап берілді, ал күрделі мәселелер талдауды қажет ететіндіктен, әкімнің жеке бақылауына алынды. Сондай-ақ әрбір өтініш жан-жақты қаралып, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешім қабылданатын болды. Жалпы, мұндай қабылдаулар тұрғындардың мәселелері бойынша жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Осыны ескерген қала әкімі жауапты қызметкерлерге халықпен кері байланысты күшейтуді және мәселелерді шешу барысында азаматтардың ұсынысы мен тілектерін ескеруді тапсырды.

Шымкент шаһарының тұрғындары өздерінің көкейінде жүрген сұрақтары мен күрмеуі шешілмей келе жатқан күрделі мәселені қала әкіміне айтып, оған нақты жауап алуға мүмкіндігі бар.

Шаһар басшысы Ғабит Сыздықбеков қаланы аралап, жағдайды өз көзімен көре отырып, бағалауға басымдық беріп келеді. Осы жолы әкім «Нұршуақ» және «Жұлдыз» шағынаудандарында салынып жатқан заманауи мектептердің құрылысында болып, жұмысын тексерді. Бұл оқу орындары пайдалануға беруге дайын. Ал үздіксіз білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында сабақ оқу жылының екінші тоқсанынан басталады.

Жұмыс барысымен танысқан әкім мердігерлерге бірқатар ескерту жасады және оны қысқа мерзім ішінде кемшіліктерді жою бойынша тапсырма берілді. Бұдан бөлек әкім, «Жаңаталап» тұрғын алабында салынып жатқан жаңа көпірдің құрылысымен танысты. Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстарының 80% аяқталған. Жақын арада көлік қозғалысын ашу жоспарланып отыр. Бұл қаладағы жол қозғалысына байланысты бірқатар түйткілді оңтайлы реттеуге мүмкіндік береді.

Шаһар басшысы Тұран ауданындағы Қ.Қасымұлы атындағы №33 жалпы орта білім беретін мектебіне барып, жөндеу жұмыстарының барысын да өз көзімен көрді. Айта кету керек, қала әкімі бұдан бұрынғы жұмыс сапарында бірінші қабатта ағымдағы жөндеу жүргізуді және кәріз жүйесін жаңартуды тапсырған болатын. Сол кезде ғимараттың техникалық жағдайы туралы қате қорытынды берген «STROYCORP» ЖШС-не қатысты заң аясында тиісті шаралар қабылданады. Сондай-ақ Абай саябағындағы скейт-паркте де болды. Бұл жерде де аудан әкімі мен энергетика басқармасына қосымша жарықтандыру бойынша нақты тапсырма берді.

– Біз үшін Шымкент қаласының тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету аса маңызды. Энергетикалық жүйені тұрақты дамыту мақсатында «Қазақстандық коммуналдық жүйелер» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы Дінмұхамет Ыдырысовпен кездестім. Кездесу барысында стратегиялық серіктестік туралы меморандумға қол қойылды. Екіжақты серіктестік қала энергетикалық инфрақұрылымын кешенді дамытуға бағытталған. Сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды жүзеге асыру, электр энергиясын беру және тарату жүйелерін жаңғыртуды қамтиды. Бұл қала тұрғындары мен кәсіпкерлік субъектілерінің қажеттіліктеріне сай тұрақты әрі экологиялық таза энергиямен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, электр көлігі инфрақұрылымын жақсарту маңызды міндеттердің бірі, – дейді әкім.

Биыл меморандум аясында қалада алғашқы электр қуаттау станциясы орнатылады. 2026 жылға дейін олардың санын онға жеткізу жоспарланып отыр. Энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыру және қаланың жаңа шағынаудандарында өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін қуаттылығы 80 МВт жаңа төмендету қосалқы станциясы салынады. Сонымен қатар, 336 км тарату желілерін қайта құру, 139 трансформатор бекетін жаңарту, 50 трансформаторды ауыстыру және үш қосалқы станцияда релелік қорғанысты жаңарту жұмыстары қолға алынуда.

Әлеуметтік жауапкершілік аясында Шымкентте әлеуметтік тұрғын үй құрылысын бастау да жоспарланған. Меморандум аясындағы жобаларды жүзеге асыру қала экологиясын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және энергетика секторына қосымша инвестиция тартуға елеулі үлес қосады.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• БІЛІМ

«Ұстазды алтын діңгекке теңер едім» деп қазақтың ұлы педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы – қиыншылығы мен қызығы қатар жүретін мамандық атаулының ұлысы. Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері атанған кәсіби ұстаздар жетерлік. Солардың бірі – отыз жылдан аса уақыт Шымкент қаласы «Нұртас» зияткерлік мектебінде бастауыш сыныптар бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болған Хатира МЫРЗАБАЕВА.

БАҚЫТЫН ТАПҚАН ЕҢБЕКТЕН

Ол ұзақ жылдан бері ұстаздық жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған жан. Хатира Ноғайбекқызы ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді.

Ұстаз балаға жеке тұлға ретінде қарай отырып, әр шәкіртінің тәрбиелі, білімді, мәдениетті адам болып қалыптасуына ықпал етеді. Баланың арман-қиялын көкке жеткізетін де – ұстаз. Біліктілігін арттырып, үнемі тынбай еңбектенген ұстаздың әрқашан беделі биік. Балалардың екінші анасына айналған Хатира Ноғайбекқызы – сондай ел құрметтеген, шәкірттер ықыласына бөленген тұлға. Ол кісінің болмысы шәкірттеріне ғана емес, бүкіл әріптестеріне үлгі.

«Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, зерделі мұғалім өз оқушыларының дарынының ашылуына аса ынталы. Сондықтан болар, өмірін өскелең ұрпақ тәрбиесіне арнаған жанның мақтан етер шәкірттері де баршылық. «Мен болмасам, сіз барсыз, үміт еткен ұрпағым» деп Ы.Алтынсарин айтқандай, болашақ ұрпақтың көзі ашық, көкірегі ояу болуы үшін тыным таппайтын тағылымы терең ұстаздың қоғамға бергенінен берері мол екені күмәнсіз.

– Ұстаздық – менің жаным қалаған мамандық. Мұғалімге ең зор жауапкершілік жүктелген. Ол елдің болашағын тәрбиелейді. «Алты алаштың ұрпағы жақсысы бас қосса, төрдегі орын – ұстаздікі», – деп Мағжан Жұмабаев тегін айтпаған ғой. Мен осы кезге дейін ұстаздықтан қол үзген жоқпын және «көп баланың ішінде жүрген дана – бала болады, көп дананың ішінде жүрген бала – дана болады» демекші, менің шәкірттерімнің басым бөлігі өмірден өз орындарын тапты. Оқушылармен қоса мен мектебіміздегі жаны баладай таза, үлкен ұлағат иесі ұстаздармен етене жұмыс істеп жүргенімді мақтан етемін. Ұстаздық адам бойындағы ұлы қасиет. Ұстаз мәртебесінің артуы ең алдымен әр маманның «ұстаз» деген есімге қаншалықты лайық болуына байланысты. Бүгінгі жаңа дәуірдің, жаңарған білімнің мұғалімге қояр талабы жоғары, олар үлгі боларлық бар жақсылық атаулының ең биігінен көрінуі тиіс, – деді Хатира Ноғайбекқызы.

Әрбір баланың қолына қаламсап ұстатып, алғашқы әріпті үйрететін мұғалімнің орны бөлек. Ол әр баланың қанаттануына себепкер болатын жанашыр әрі ізденімпаз жан. «Ұстаз – ұлы есім» – дейді Мұхтар Әуезов. Иә, расында да, «ұстаз» деген сөздің мәні терең. Әбу Насыр әл-Фарабидың: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген қанатты сөзі бар. Бұл сөздің растығын өмір талай мәрте дәлелдеп келеді. Ұрпаққа үлгілі тәрбие беру – қоғамның өзін, тірегін қалыптастыру деген сөз. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен саналы тәрбие бере білу – өлшеуі жоқ қызмет.

Хатира Мырзабаеваның кішіпейілдігі, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білуі, көпшілдігі және өзге де жақсы қасиеттері оның биік парасат пен асқан адамгершілік иесі екенін айғақтай түседі. Ол талай адамға ұстаз да, қамқоршы да бола білді. Бақытын еңбектен таба білген ұстаз отбасылық өмірде де бақытты.

Хатира Ноғайбекқызы қазіргі таңда адал жар, аяулы ана, әріптестер арасында құрметі жоғары ұстаз. Кейіпкеріміздің еңбек жолы өзге әріптестеріне үлгі. Мектеп табалдырығын енді аттаған бүлдіршіндерді білім нәрімен сусындатар ұстаздарға жетекшілік етіп, оларға бағыт берудегі еңбегі елеусіз қалмады. Жуырда Шымкент қаласында Еңбек күні мерекесінде Хатира Ноғайбекқызы озаттар қатарынан көрініп, қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Еңбек адамы – әлеуметтік құрылымдардың ең маңызды бөлшегі. Қай салада болмасын жасампаз тұлғалардың арқасында өрлеу мен өркендеу салтанат құрады. Міне, осындай еңбек адамының бірі Хатира апайымыз белгілі білім ордасының ғана емес, елдің дамуына орасан үлес қосуда. Әр адам өз несібесін еңбектен табады. Ұрпақ тәрбиесінің ыстығы мен суығына төзе білген Хатира Ноғайбекқызының еңбегі айрықша атап өтуге лайық.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• ТҮЙТКІЛ

ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК: БЕЙБІТ ЗАМАНДА САРБАЗДАР НЕГЕ КӨЗ ЖҰМАДЫ?

Қазақстанның Қарулы Күштері елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде айтарлықтай рөл атқарады. Алайда, соңғы жылдары әскердегі әлімжеттікке байланысты мәселелердің көпшілікті алаңдатып отырғаны рас.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет әскердегі тәртіпті күшейту қажеттігін атап өтсе де, жағдай қазіргі кезде де өзгеріссіз қалып отыр. Жыл сайын сарбаздардың өлімі немесе суицид фактілері артуда, бұл бейбіт замандағы әскердің өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады.

Ресми деректерге сүйенсек, 2020–2022 жылдар аралығында 276 әскери қызметші қаза тапқан. Бұл көрсеткіштің үштен бірі аурулардан, тағы бір бөлігі жол-көлік оқиғаларынан болған. Ең қорқыныштысы, 20 пайызы суицидтің әсерінен көз жұмған. Соңғы төрт жылда 86 сарбаз өз өмірін қиюға шешім қабылдағаны тіркелген. Мұндай статистика армияның ішкі тәртіпсіздікке ұшырап, моральдық-психологиялық ахуалының нашарлағанын көрсетеді.

2024 жылы Жамбыл облысындағы әскери бөлімінде жаңадан шақырылған сарбаз ауыр жарақат алып, ес-түссіз күйде ауруханаға жеткізілген. Бұл оқиға да әскердегі жағдайдың қаншалықты қиын екенін көпшілікке тағы бір рет дәлелдеді. Ербаян Мұхтар есімді сарбаздың ауыр жарақаты әлімжеттік салдарынан орын алған. Оның бірнеше ай бойы комада жатуы қоғамның ашу-ызасын туғызды.

Әскердегі әлімжеттіктің алдын алу үшін бірқатар нақты шаралар қажет. Сарапшылар ең алдымен армияның ішкі мәдениетін өзгертіп, сарбаздар мен офицерлер арасындағы қарым-қатынасты реттеуді ұсынады. Әскери ортадағы қатал тәртіптің орнына, сыйластыққа негізделген өзара түсіністік қалыптастыру маңызды. Әлімжеттік фактілерін болдырмау үшін бейнебақылау жүйелерін орнату қажеттігі де бірнеше рет айтылды, бірақ бұл шаралардың тиімділігі төмен болып тұр. Кейбір әскери бөлімдерде бейнежазбалардың жоғалып кетуі немесе сапасыз болуы кем-кетікті анықтау барысында қиындық келтіруде.

Сонымен қатар, сарбаздарға психологиялық қолдау көрсету жүйесін күшейту қажеттілігі де өзекті мәселе болып қала береді. Әскерге келген жас сарбаздар тек физикалық қана емес, сонымен бірге психологиялық қысымға ұшырайды. Бұл жағдайларда оларға психологиялық қолдау орталығы дер кезінде көмек көрсетсе, әлімжеттік пен суицид жағдайларының саны азаяр еді.

Кезінде ата-әкелеріміз немесе аға буын өкілдері әскерге барудан қорықпайтын. Олар армияны ер азаматтардың мектебі ретінде қабылдап, Астрахан, Ленинград, тіпті Германия сынды шет елдерге де батыл аттанатын. Армиядағы тәртіп пен бірлік басты құндылық саналып, сарбаздар бір-біріне қолдау көрсететін. Ал бүгінгі күнде жағдай мүлде өзгеше. Әскерге барған әрбір сарбаз әлімжеттіктен қорқып, көрші ауылға сапар шегудің өзіне үреймен қарайды. Мұның басты себебі – армиядағы тәртіптің әлсіреуі, әлеуметтік проблемалардың асқынуы және сарбаздар құқықтарының қорғалмауымен өзектес.

Мемлекет бұл мәселені шешу үшін қадамдар жасауда. Соңғы жылдары армиядағы қауіпсіздікті арттыру мақсатында әскери бөлімдерге 50 мыңнан астам бейнебақылау камералары орнатылған. Бірақ қолға алынған шаралардың толыққанды әсері байқалды деп айтуға әлі ерте. Кейбір жағдайларда бейнежазбалар жоғалып кетіп, оқиғалардың нақты мән-жайын анықтау мүмкін болмайды. Сонымен қатар, әскердегі әлімжеттіктің алдын алу үшін офицерлердің жауапкершілігін күшейту және бақылау механизмдерін жетілдіру маңызды болып отыр.

Әскердегі әлімжеттік – мемлекеттің беделіне нұқсан келтіретін күрделі мәселе. Бейбіт заманда сарбаздардың өмірі қауіпке ұшырап, өз-өзіне қол салу фактілері артып отырғаны қоғамды ойландыратын жағдай. Бұл мәселені түбегейлі шешу үшін мемлекеттік деңгейде нақты шаралар қабылданып, әскери қызметкерлердің құқықтарын қорғау жүйесін күшейту қажет. Сарбаздардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндетінің бірі болуы тиіс. Әрбір сарбаздың ата-анасы баласын аман-есен үйіне қайтаратынына сенімді болуы үшін жүйелі өзгерістер енгізілуі керек.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

• БАСТАМА

СУ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Осыдан тура бір жыл бұрын Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылғаны белгілі. Жаңа министрлік жасақталған соң екі маңызды құжат әзірлеуді бастап кетті. Оның біріншісі – Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы болса, екіншісі – жаңа Су кодексінің жобасы.

Белгілі болғандай, Үкімет бекіткен тұжырымдамада 73 іс-шара қарастырылған. Мұнда министрлік 2030 жылға дейін қосымша 2,6 текше шақырым су жинай алатын жаңа 42 су қоймасын салуды, 1,9 текше шақырым су сақтайтын 30 су қоймасы мен 14 450 шақырым суару каналын реконструкциялауды жоспарлап отыр. Осы арқылы тасымалдау кезіндегі су шығынын 25% азайтуға, ал суармалы жер көлемін 400 мың гектардан ары ұлғайтуға ниетті.

«Тұжырымдаманың нысаналы индикаторларына қол жеткізу және су шаруашылығы инфрақұрылымдарын дамыту мәселелерін жедел шешу үшін Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Жоспар 17 облысты, 160 іс-шараны және 8 күтілетін нәтижені қамтиды. Жоспарды іске асыру ирригациялық жүйелердегі судың шығынын азайтуға, ел экономикасының салаларын одан әрі пайдалану үшін қосымша тасқын суларды жинақтауға, сондай-ақ су объектілерінің жай-күйін жақсартуға мүмкіндік береді», – дейді Су ресурстары және ирригация министрлігінің бірінші вице-министрі Болат Бекнияз.

Оның сөзінше, бүгінгі таңда 100-ден астам жоба бойынша жоба-сметалық құжат дайын. Ал Мәжіліске енгізілген жаңа Су кодексінде су ресурстарын тиімді пайдалануға, су үнемдеу технологиялары мен суды қайта пайдалану жүйелерін қарқынды енгізуге басымдық берілмек.

Жалпы, биыл елімізде су шаруашылығы нысандарын дамыту бойынша 411 жоба іске аса бастады. Атап айтсақ, 575,9 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру, жалпы ұзындығы 2,5 мың шақырым болатын 203 канал салу және реконструкциялау жұмыстары жүріп жатыр. Осының нәтижесінде 1 млн 48 мың тұрғыны бар 437 ауылдық елді мекенде сумен қамтамасыз ету сапасы жақсарады деген болжам бар. Бұдан бөлек, Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында 3500 шақырым суару желісін цифрландыру бойынша жұмыс жүруде. Сондай-ақ Ақмола облысында Нұра топтық су құбырын реконструкциялау жұмысының 36,6 шақырымы аяқталған. Жыл басынан 32 гидротехникалық құрылыс мемлекет меншігіне қайтарылса, 118 гидротехникалық құрылыс көп факторлы тексерістен өтіпті.

Министрлік берген мәліметке сүйенсек, судың «қара нарығымен» күресті күшейту үшін жаңа ведомство – Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті құрылған. Бассейндік инспекция қызметкерлерінің саны 1,5 есе өсіп, жалпы штат саны 242 адамға жетіпті. Нәтижесінде әрбір облыс орталығында бассейндік инспекция бөлімі ашылды.

Тағы бір жаңалық, министрлік көршілес мемлекеттермен трансшекаралық су айдындарын пайдалану мәселесі бойынша 15 іс-шара өткізген. Осының арқасында биыл елімізге Өзбекстаннан 4 млрд текше метрден астам, Тәжікстаннан 488,6 млн, Қырғызстаннан Шу өзені арқылы 180 млн және Талас өзенімен 380 млн текше метр су келіпті.

«Қытаймен 20-дан астам трансшекаралық өзен бойынша келіссөз жүргізіліп жатыр. Оның ішінде үш ірі өзен – Ертіс, Іле және Емел бар. Ресеймен Жайық, Ертіс және тағы да басқа ірі трансшекаралық өзендердің суын пайдалану, қорғау және зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде келіссөздер өтті», – дейді вице-министр Ерболат Ибрайханов.

Айтпақшы, «Қазсушар» филиалдары суару маусымында еліміздің шаруаларына 6,4 млрд текше метр су берген. Диқандармен суармалы су беру жөнінде 24 075 келісімшарт жасалыпты. Суару маусымына дайындық кезінде 83 гидробекет жөнделіп, 775 гидробекет аттестациядан өтсе, 390 шақырымнан астам канал тазартылған.

Тың жаңалықтың бірі – министрліктің Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, су тасқынын болжау және модельдеудің flood.garysh.kz ақпараттық жүйесін әзірледі. Бұдан бөлек, ведомство су тасқынын талдау, болжау және модельдеудің TALSIM (Германия) және Delft-FEWS (Нидерланды) жүйелерін елімізге бейімдемек.

«Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін әр өңірге су үнемдеу жүйелері орнатылған егіс алқаптарын ұлғайту бойынша нақты индикаторлар белгілеп, кезеңдік жоспар әзірледік. Осылайша министрлік 2030 жылдың соңына қарай республикадағы суармалы жерлердің жалпы көлемінің 50%-дан астамын су үнемдеу технологияларымен қамтып, жылына 2,2 текше шақырымға дейін су үнемдеуге ниетті. Екіншіден, елімізде жерасты суларын басқару, іздестіру-барлау жұмыстарын іске асыратын Ұлттық гидрогеологиялық қызмет құрылды. Бұдан бөлек, Ақтау қаласында Каспий теңізінің экологиялық, су деңгейінің төмендеу проблемасын, итбалықтар мен балықтардың популяциясын сақтау мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институты жасақталды. Үкімет қаулысымен су қорын пайдалану және қорғау саласында ақпараттық қамтамасыз ету, ирригациялық жүйелерді жақсарту, су қорын ұтымды пайдалану және қорғау бойынша ақпараттық-сараптамалық ұсынымдар әзірлейтін Су ресурстарының ақпараттық-талдау орталығы жұмысын бастады. Жалпы біздің салада 10 мыңнан астам адам еңбек етеді. Жыл басынан 7000-ға жуық маманның еңбекақысы орта есеппен 25%-ға өсті. Су саласының 450-ден астам қызметкері мамандандырылған орталықтардың жанындағы біліктілік арттыру курстарынан өтті», – дейді Болат Бекнияз.

Оның айтуынша, «Болашақ» бағдарламасына су саласының мамандықтары қосылып, биылдан бастап қазақстандық студенттер аталған мамандықтармен шетелде білім алу мүмкіндігіне ие болған. Министрлік 9 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Осының нәтижесінде 80 студент «Қазсушар» филиалдарында өндірістік тәжірибеден өтіпті. Сонымен қатар, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Ташкент ирригация және ауылшаруашылығын механикаландыру инженерлері институтымен қос дипломды білім берудің бірлескен бағдарламасын іске қосқан. Тараз қаласында жеке Ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетін ашу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Құрылғанына жыл толған құрылым Нидерланды, Франция, Германия, Қытай, Израиль мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы 7 меморандум жасаған. Мәселен Нидерландымен су тасқынына қарсы іс-қимыл және сала мамандарын даярлауды, Франциямен Балқаш көлі бассейніне зерттеу жүргізуді, Дүниежүзілік банкпен Солтүстік Аралды қалпына келтіру жобасының екінші кезеңін іске асыруды жоспарлап отыр.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ТАРАТУ

4. «Principle (Принцип)» ЖШС (БСН 221040039339) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Речка казачка көшесі, 50-үй, тел. +77051314747.

5. «SHYM DIS SERVICE» ЖШС (БСН 240240027562) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Каратау ауданы, тұрғын үй алабы Нұрсәт, 35-ғимарат, 92-пәтер, тел. 87074781677.

6. «Бэст Сервисез» ЖШС (БСН 001140000184) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Рембаза, Гумарова көшесі, 62А, тел. 87015665095.

7. «Capital Resort» ЖШС (БСН 201040012979) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Аносов көшесі, 28-үй, 6-пәтер, тел. 87013489526.

10. «IMPERIA-A» ЖШС (БСН 210940034763) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 49А үй.

11. «Строитель» бағыбаншылық қоғамының» тұтынушылар кооперативі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Вишневая көшесі, 315, тел. 87471068829.

13. «КЗпластикс» ЖШС (БСН 130840021106) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ақбұлақ ықшам ауданы, Аханов көшесі, 38/4. Тел.: 87015778805.

14. «Фулфилмент Казахстан» ЖШС (БСН 161040004303) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 254-үй, 417-кеңсе, тел. 87029433398.

15. «АХАТ & КОМПАНИЯ» ЖШС (БСН 220740003391) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Ә.Молдағұлова, 61-62-пәтер, тел:8 771 254 9525.

ӘРТҮРЛІ

8. «Семипалатинский деревообрабатывающий завод №1» ЖШС-і (БСН 120240019110), «Фанерный комбинат ARBOR» ЖШС-не (БСН 150440021026) қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Іле трактісі, 10 мекенжайы бойынша қабылданады.

9. «Алматы қаласының қалалық мобилділік басқармасы» КММ ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:
1) Жобаның атауы: Жұмыс жобасына «ықтимал әсерлер туралы есеп» «Алматы қаласының Түрксіб ауданындағы «Жас Қанат» шағын ауданында жол салу».
2) Әсер ету аумағы мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетін аумақ: Түрксіб ауданы, Алматы қ. Координаты: 1. 43°18’38.45»С, 76°58’53.23»В 2. 43°19’3.47»С, 76°58’23.85»В 3. 43°19’15.94»С, 76°58’38.14»В 4. 43°19’31.08»С, 76°58’50.28»В.
3) Тыңдаулар: 2024 жылғы 15 қараша, сағат 11:00-де, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы «Жас Қанат» шағын ауданы, 198 мектепте өтеді. Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM бейнеконференциясы арқылы онлайн-форматта өткізілетін болады:
https://us05web.zoom.us/j/88371360208?pwd=8oCdF22qe8xxhi6ba2XbVf1eKcpcad.1.
Идентификаторы: 883 7136 0208; Кіру коды: 6FpjhH.
4) Бастамашы – «Алматы қаласының қалалық мобилділік басқармасы» КММ, БСН 161040019460, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, +77022222482, daniyar482@mail.ru.
5) Құжаттаманы әзірлеушілер ТОП Геодезия» ЖШС, БСН 060640006497, Алматы қаласы, Райымбек батыр даңғылы, 348/4 үй, к.707, тел. 87007171714, e-mail: topgeodezy@mail.ru.
6) Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда және «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» сайтында орналастырылған https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco?lang=kk.
7) Көзделіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуды мынадай байланыстар арқылы сұратуға болады: 87007171714, e-mail: topgeodezy@mail.ru.
8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы, олар бойынша жұртшылық және мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жібере алады – «Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы» ММ, uprігр@mail.ru.

12. «Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 130140021021), Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Мұз айдыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (БСН 130840016803) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Ғ. Мұратбаев көшесі, 3. Тел.87714795317.

16. «3 элемент» ЖШС (БСН 170540003431) өзінің жарғылық капиталы 19000000 (он тоғыз миллион) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 86-шы үй.

17. «Standard Инвестициялық Компаниясы» АҚ Басқарушы компаниясы «Standard – еурооблигациялар» ИАПҚ (ISIN kzpf00000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдау аралық инвестициялық пай ережесіне сай №2 қосымшаның 6.4-тармағына сәйкес, 10.10.2024 9:00 -19.10.2024 18:00 Астана қаласының уақытымен жалғасады.

19. Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын қайта құру туралы 2024 жылғы 2 қазандағы №205 қаулысының негізінде:
Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны одан Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық эндокринология диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылғандары туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2024 жылдың 12 мамырында қайтыс болған Турсунов Мирас Серікұлының артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалардың жеке нотариус Сарсембаева Анар Сапиевнаға хабарласуы қажет. Мекенжайы: Алматы қаласы, Мамыр-3 ықшам ауданы, 22-үй, 30-пәтер. Тел. +77017662956.

3. 2021 жылдың 18 қарашасында қайтыс болған Жәкеев Нұрдиннің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 87022334499.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының судьясы Бағдат Советұлы Серғалиевке

апасы Айкен Советқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

БЕС МИЛЛИОНДЫҚ КЕМПІР

(Жалғасы. Басы өткен санда)

– Қарындасым, өмірде түрлі жағдайлар болады ғой, – деді Абылай айналып келіп. – Бірақ шындық айтылу керек. Қашанғы бұлай қорқа бересіз. Бір жағына шығу керек. Саған ақша беріп кетті. Ол бізге мәлім. Ол ақшаға базардан ұлыңа ақ көйлек пен қара шалбар алдың.

– Алса не бопты?! Алдым! Оның ақшасына емес, өзімнің ақшама алдым. Жалғыз ешкінің лағын сатып алдым! – деді Қарлығаш көз жасын сығып.

– Қашан сатып едіңіз?

– Бәрі керек пе сізге? Бір ай бұрын саттым.

–Жалған сөйлемеңіз. Сіз берген он мың теңгелікке қан жұққан. Естіп пе едіңіз, осында тұратын орыс кемпірді пышақтап өлтіріп, ақшасын алып кеткенін. Оныншы мамырда. Одан бері бір ай өткен жоқ. Сол орыс кемпірдің қаны.

– Қаны? Кемпірдің? Білмеймін мен кемпіріңізді. Менде он мың теңгелік болған емес.

– Базардағы сатушы келіншек он мыңдықты сіз берді деді ғой.

– Қай келіншек?

– Көйлек-шалбар сатқан келіншек.

– Өтірік айтады о қатын.

– Осы сөзіңізді оның өзіне айта аласыз ба?

– Жүріңіз, беттестіріңіз!

Екеуі машинаға мініп базарға келді.

– Әй, қатын! Мен саған қашан он мыңдық бердім? Неге адамды шатастырып жүрсің? А-а? Неге шатастырып жүрсің деймін мен! – деп, Қарлығаш алыпсатар келіншек – Гүлсімге тап-тап берді. Қағылез әйел күзгі жапырақтай дір-дір етеді.

– Осы кісі берді демеп пе едіңіз? – деді Абылай Гүлсімге.

– Солай сияқты еді, – деп Гүлсім қапелімде кіріптар болды да қалды. – Есте сақтай алмайсың ғой. Ұмытасың ғой. Адам көп. Біреу келеді, біреу кетеді.

– Әне, көрдіңіз бе? Не деп тұрғанын! – деп Қарлығаш енді күшейе бастады.

– Сіз әлде де ойланыңыз, – деп Абылай қайтуға ыңғайланды. – Ертең тағы бір соғам. Ал сізді үйіңізге жеткізіп салайын, жүріңіз.

– Жоқ, керек емес. Рақмет! Өзім барам. Енді менің басымды қатырмаңыз! Білдіңіз бе? – деп сілкінген Қарлығаш бұрылып ала жөнелді.

* * *

«Байғұс-ай... өкпесі қара қазандай. Әуелде бұ да әп-әдемі қыз болды-ау. Гера шіркін-ау өмірін өксіткен. Анау бірінші сынып бітіргелі тұрған ұлының оқуы тәуір сияқты. Осындайда жас балаға жақсы әке керек-ақ. Қарлығашпен тағы бір сөйлессем бе екен. Көкірегінде айтылмай жатқан әлдене бар сияқты», деп ойлады Абылай полиция бөліміне бет алып бара жатып.

Аудандық полицияның бастығы Нұрғали Есқалиевке кірсе оның көңілі көтеріңкі.

– Біздің жағдай жаман емес. Жіптің ұшын ұстадық, – дейді қарқ-қарқ күліп. Оның бұл күлкісі қылмыстың ашылғанына емес, өзін табалап, мысқылдап тұрғандай көрінгені. «Сенің жүрісің мынау, бірінші кластың баласын іздеп. Облыстық криминалды полиция бастығы басыңмен. Мұнда біз сенсіз-ақ өзіміз аштық қылмысты!» дейтіндей.

– Ал, қалай ұстадыңыздар? – деді Абылай оның шымши сөйлегенін аңғармаған адамдай. – Ол не қылған жіптің ұшы екен, оп-оңай ұстата салған?

– Көршісі хабарлады деп едім ғой. Жетпісбаев Есқабыл деген. Сол көршісін таң қараңғысында кемпірдің ауласынан көрген адам бар.

– Сосын?

– Бұрадық қой. Сонда айтқаны... кемпірдің сарайында ескіден қалған төс бар екен. Темір төс ше кәдімгі ұстаның. Тағы бір ұсталық затты айтады. Соны ұрлауға бардым дейді. Өтірік қой онысы. Кемпірге төс неге керек, күндіз сұраса да бере салар еді.

– Төсті алып кетіп пе?

– Алмаған. Айтып тұрмын ғой... сасқан үйрек артымен сүңгидінің кері. Ақша барын білген ғой.

* * *

«Бұл қалай? Он мыңдықта кемпірдің қаны тұр! Ал мыналар...»

Қонақ үйге келген соң да Абылай шым-шытырық ойдан арыла алмады. Кемпірдің өлгенін хабарлаған адам қалай қылмыскер боп шығады? Аудандық полицияның бастығы Нұрғали Есқалиевтан шыққан соң қамауда отырған Жетпісбаевпен сөйлесіп көріп еді, айтқан сөзі қисынға келетін сияқты. Сонда білгені төс кемпірдікі емес. Өткен ғасырдың басында өмір сүрген атақты бір ұстанікі. Жетпісбаевтың аталасы. Жақыны. Кемпір жастау кезінде үйді ұстаның күйеу баласынан сатып алған. Ал күйеу баласы төстің қадіріне жетіп пе, сарайда көр-жердің ішінде қала берген. Түнде Жетпісбаевтың құлағына балғаның төске соғылған дүрсілі естіледі-мыс. Ол төстің өзіне жақын туысқанының мүлкі екенін кейін бір шалдан біліпті. Сонан бастап ұста түсіне кіруді шығарған дейді. Төсті үйіңе алып кет, кемпірге тастама деп өтінеді-мыс. Кемпірге осы тарихты айтып, сұрап барса, кемпір сатам деп шалқаятын көрінеді. «Қаншаға?» «Мынандайға». Сұрап отырғаны анау-мынау емес, бір жылқының пұлы. Орыс кемпірге қаны қайнаған Жетпісбаев сосын таң атпай ұрлап кетпекші болған. Бірақ жеме-жемге келгенде ұрлыққа қолы бармай, не болса да бағасына келісейін деп сәскеде кемпірге барса... кемпірдің жайрап жатқан үстінен түседі. Сосын жүгірген полицияға. Оқиға осы. Рас-өтірігін, ал енді, тауып көр. Ал Гера... қан жұққан он мыңдық... бас солай қатады.

«Айтпақшы көйлек сатқан келіншек Герадан қорқатын шығар... Сол себепті шығар бүгежіктеп қалғаны, – деп ойлады бір сәт. Осы ой басына келгені сол екен, шалқалап жатқан жерінен ұшып тұрды. – Жо-жоқ, Қарлығашпен тағы бір сөйлесу керек».

Қонақ үйдің төменіне түсіп келе жатыр еді, қарсы алдынан шыққан бейтаныс жігіт:

– О-о, Әбеке, Абылай! – деп тапырақтап қарсы жүгіргені. – Әбеке, не танымай қалдың ба? Чита. Войсковая часть... – деп даурығады тағы.

– О-о, Боря! Боранбай!

Құшақтаса кетті.

– Әбеке, сені де көретін күн бар екен ғой. Естігем. Криминалист боп кетіпсің. Иә, иә солдат кезіңнен білем. Мықтысың!

– Өзің де осал емес ең. Бүкіл полкты жалғыз өзің тік тұрғызатынсың.

Абылай әскерге институттан соң алынғандықтан, бірге барғандар өзінен бірнеше жас кіші бозбала еді. Алты ай әскери оқудан кейін бұларды жекелеп жан-жаққа тарыдай шашып жіберді. Бұның тап болған жері Чита деген құдай атқан жер. Байкалдың қатаң табиғатын ұмыта алмайды. Қалың орман. Ұлитын да тұратын жынды жел. Орталықтан оқшау жатқан әскери бөлімнің өмірі одан да қатал. Полкты билеп тұрған орыстар екен. Барған күні-ақ дед болған біреуі бұған төніп келіп, иығынан қағып жібергені. Адам құрлы көрмей белдігіне қолын салып, ырғап қояды. Студент кезінде каратэмен айналысқан адам өктемсіген орыстың басынуына төзіп тұра ма? Орнында ұршықша айналып, дәл тұмсықтан сарт еткізіп тепкенде, әлгі орыс анадай жерге қалай ұшып түскенін өзі де ұқпады-ау! Сол ұқпаған қалпы сүт пісірім уақыт есін жия алмай мәңгіріп отырды да қойды. Кейін Боранбаймен таныстық. Полкке Абылай келіп қосылғанда ол танк айдап, оқу-жаттығу үшін алыс бөлімге кеткен екен. Ол да славяндармен жалғыз алысыпты. Бірақ жалғыздың шаңы шыға ма, көп көптігін істеген кезі аз болмапты. Содан былай екі қазақ жұбын жазбай тізе қосып төбелесіп жүріп, ақыры шовинист орыстарды отырғызып, тұрғызатын болды. Содан алты айдан соң Боранбай мерзімі бітіп, елге қайтты да, полктің билігі Абылайдың жалғыз өзінде қалды.

– Содан бері қанша жаз, қанша қыс өтті. Кездесу деп осыны айт. Кеттік. Кездесуімізді жуайық жақсылап! – деп Боранбай даланың адамына тән айқайлап сөйлеп, даурығып кетті. – Қазір мен фермермін. Жылқы, түйе, қой... Қарақұмда бәрі. Шұбатхана істеп тұр. Жүр шұбатханаға кіріп шығалық әуелі. Тиіп тұр, мына бұрылыста.

– Жарықтық, ата-бабамыздың адал асы ғой, – деп Абылай Боранбай ұсынған сапар кесені басына бір-ақ көтерді.

– Жағдай жақсы. Армиядан келген соң ананы бір істеп, мынаны бір істеп, ақыры біржола малға кеттім, – деп Боранбай өз жағдайын баяндай бастады.

– Ал енді сен осы жердің адамысың ғой. Гера Марат дегенді айтшы, – деді Абылай жұмысына көшіп.

– Гера Марат! Е-е, анау пацан ба? Ойбай ол әйдік ұры, ышпана. Қазір ол қашып жүрген болу керек. Көрінбейді. Ұрлығы көбейіп кеткен сірә, қашпай қайтсін.

– Ол бір қылмысқа күдікті боп тұр. Негізі соның үйіне бара жатыр едім.

– Сосын барасың. Отыра тұр.

– Шұбатың жақсы екен. Қайтып келіп ішейік. Жаңағы үйге бармасам болмайды.

– Онда бірге барамыз. Сенен айырылмаймын. Қанша жыл өтті арада... Қонағым боласың. Қарақұмның кең даласына апарам. Киік қуамыз! – Боранбай қопаңдап Абылайдың соңына ерді. – Биылғы соғымың менен! Қам жеме! – дегенді және қосып қойды.

* * *

...Қарлығаш жаппа астында шошайып, ошақта лапылдап жанған отты көсеп қойып, қазан қайнатып отыр. Кішкентай ұл бала бір құшақ саңылтырды ағызып-тамызып әкеп, ошақ жанына тастады.

«Ойпырым-ай, – деп ойлады Абылай Мараттың әйел, бала-шағасын аяп. – Адам өлтіріп, ұрлық қылып қайда барады? Онан да адал еңбек істесе ғой, қатын-баласы тоқ жүрер еді. Ошаққа саңылтыр жақпай, сексеуіл жағар еді».

Қарлығаш «тағы сен бе, сен-ақ бәле болдың ғой» дегендей Абылайға жақтырмай бір қарады да, ошақтағы отты түртіп-түртіп жіберіп, етегін қағып орнынан тұрды.

– Қарындасым, әлде де ойлан. Мараттың бұған дейін де қылмысы жетеді. Енді мынаусы тіпті ауыр. Бас сауғалап қашқаннан пайда жоқ. Полицияның құрығы ұзын, бәрібір ұстайды. Ол адам өлтірген. Бірақ кінәсін өз еркімен мойындаса, жеңілдік болады. О жағына көмектесем. Мына балдарың үшін, – деп қалтасынан он бес мың теңге алып меңзең күйде тұрған Қарлығашқа ұсынды. – Ұлың жалаңаяқ жүр екен, аяқ киім аларсың.

Қарлығаш ұсынған ақшаны не аларын, не алмасын білмей дағдарып тұрып қалды. Көзі мөлт етіп, жанарына жас үйірілді. Абылай ақшаны келіншектің қолына ұстатып жатып:

– Ешқандай қарыз емес, жай азамат ретінде көмегім! – деді. Сөйтті де Боранбайға бұрылып:

– Жаңағы атағаныңды алған болайын, менің атымнан бір көлік сексеуіл түсіріп берші, – деді.

– Қарағым, сен Райым ағаның қызы ма едің? – деді манадан үнсіз тұрған Боранбай осы арада сөзге араласып.

– Иә, со кісінің қызымын. – Көзінен ұшқын білінді.

– Өй, айналайын-ай, өзімнің қарындасым екенсің ғой. Мен Боранбай ағаң ғой. Аталаспыз. Айналайын, не күйге түскенсің? Жаманнан кесапат деген, анау оңбағанның кесірі-ау! Мына ағаң екеуміз армияда бірге болғанбыз. Сөзінде тұратын азамат. Саған жамандық ойламайды. Ал енді отыннан қам жеме. Өзім түсіріп берем. – деді

– Мынау менің нөмірім, ойланып хабарласарсың, – деп Абылай визит карточкасын ұсынды.

* * *

Қылмыстың талайына куә боп жүр ғой. Бірақ қайсысының да оңайын көрмепті. Бәрі жұмбақ. Мына орыс кемпірдің де өлімі шашты ағартатын тәрізді. «Кім? Кім? Кім оны өлтірген?» Осы сұрақ түн баласы шырт ұйқысынан оятып жібереді. Күндіз көлік айдап келе жатқанда бағытынан жаңылысып, басқа көшеге түсіп кете береді.

Аудандағылар төс ұрламақ болған көршісін сындырмақшы. Өзіне салса, ол емес. Көзі айтып тұр, қолы таза сияқты. Гера дейін десе, оған да еш айғақ жоқ. Әйелі болса анау, жолатпайды. Бір білсе, сол біледі. Гераны айтқан кезде лезде күйгелектеніп, тез-тез сөйлейтіні көңілінде тыншу жоғын білдіретін сияқты. Ондай адам өзін-өзі құлыптап көп жүре алмауы керек еді. Соңғы кездесуден соң да он күн өтті, ләм-мим хабарсыз. Енді хабарласпаса... мүмкін одан тағы бір мәрте жауап алып, сұрақ-жауаптың бейнетаспасын психологиялық сараптамаға беру керек болар. Өзге амал жоқ.

Абылайдың түйсігі алдамапты. Он бір күн өтіп, он екінші күні кешқұрым Қарлығаш телефон соқты. Дауысы діріл-деп, мазасызданғаны байқалды.

– Саламатсыз ба, аға... мен...– деп, тынып қалды.

– Қарлығашсың ба? Иә, айта бер, тыңдап тұрмын.

– Айтқанда... Боранбай ағай сексеуіл түсіріп берді. Рақмет айтайын деп едім. Бізге бұлай ешкім көмектескен емес. Бірінші... сіз!

– Оқасы жоқ. Не өзгеріс болып жатыр?

«Мараттан хабар бар ма?» деген сұрағы дайын тұрса да, өзін тежеп, айтпады. Қарлығаш та сөзден тыйылып, үнсіз қалды. Бірақ телефоннан ентіге дем алып тұрғаны байқалды. Сірә, әлдене айта алмай тұрған сияқты.

– Қарындасым, – деді Абылай оны үркітіп алмайын деп жұмсақ сөйлеп, – бір нәрсе айта алмай тұрған сияқтысың? Айта ғой.

– Айтқанда... не еді... өткенде сізге қатты сөйлеп қойдым. Кешіріңізші. Он мыңдық ақшаны Марат еді беріп кеткен.

Осыны естігенде Абылайдың жүрегі асау аттай бір бұлқынып, тулап ала жөнелгендей болды. «Марат келген боп тұр ғой!» Жауап берудің орнына бір сәт толқып, тұрып қалыпты.

– Кемпірдің өліміне күдікті дегенді сізден естідім. Оның не істеп жүргенін білмеймін ғой. Балдарымның әкесі, көңілім жамандыққа қимайды. Бірақ, «істегенін мойындаса жеңілдік болады» дегеніңізге ойланып қалдым. Өзім де шаршадым. Қажыдым. Үнемі үрей. Балдарыма да обал. Әлі кіп-кішкентай ғой. Әлден жалтақ, аяймын, – деп Қарлығаш өксіп жылап жіберді.

– Қарындасым, бекем бол! Қылмысын мойындаса жеңілдік болатыны рас. Сондықтан бізге көмектесуің керек.

– Көмек? Менің қолымнан не келеді?

– Білгеніңді айт. Мамырдың тоғызында қайда болды?

– Келгені соның алдында ғана. Астанадан... Тоғызыншы мамыр күні кешке кетіп еді, түнде қайтып келді. «Мен кететін болдым, бір жерден жұмыс шықты» деді аяқ астынан.

– Сол кезде көңіл-күйі қалай болды?

– Білмедім. Әйтеуір асығып, дегбірсізденіп тұрды. Әлденеден қалып қоятындай.

– Қайда баратынын айтпады ма?

– Арал жаққа кетті-ау деймін.

– Өзі айтты ма, Аралға барам деп.

– Дәл солай деген жоқ. Жиен інісін шақырған, сол түні. Телефонмен. Шығарып сал деп. Оның машинасы бар ғой. Сонда телефонмен айтып жатқан мореге барам деп. Кейін ойладым, море дегені Арал теңізі шығар деп.

– Жиенінің аты-жөні кім?

– Құтжанов Тапаш.

– Жыңғылдыда тұра ма?

– Иә осында, мектепте денешынықтырудан сабақ береді.

– Тағы не айтасың?

– Басқа ештеңе... білгенімді айттым.

– Рақмет, қарындасым! Әлдеқандай проблема болып қалса, өзіме айт.

Абылай телефонын сөндіре сала, орнынан атып тұрып, асығыс-үсігіс киіне бастады.

* * *

Асығыс-үсігіс киіне сала, үйден шыға жөнелді. Сәлден соң қаракөк БМВ суырылып алға озып, қаладан шығып бара жатты.

Облыс орталығынан төрт жүз елу шақырым қашықтағы Жыңғылдыға ағызып отырып, үш сағатта жетті. Жаздың қысқа түні түріліп, бозғыл аспан айрандана бастағанын байқады. Тұмсық тірегені аудандық полиция бөлімі. Кезекші офицерден Тапаш Құтжановтың мекенжайын таптырып алып, сонда жетем дегенше таң да қылаң берді.

Қақпаның алдына келіп, машина моторын сөндірді де, маңайына құлақ түрді. Әзірге тыныш. Жұрт ояна қоймаған. Жатпайтын қораз бен есек қана. Әуелі қора жақтан жаны ышқынып қораз шақырды. Артынша ішегін тартып, есек ақырды. Ол екеуінің алабөтен шыққан дауыстарына құлақ түріп отырған Абылай осы сәт көзі жұмылып кеткен екен, ояна келсе, күн арқан бойы көтеріліп қалыпты. Жанында жатқан бөтелкедегі судан тамызып, көзін шылады. Көліктегі айнаға қарап, қысқа шашын сипап қойды да, қақпаға жақын барды. Сөйтіп ұрып белгі бермек боп қолын созғаны сол екен, қақпа сырт етіп ашылып, іштен басына ақ жаулық салған қартаң әйел көрінді.

– Сәлем бердік, апа? Тапаш осында тұра ма? – деді ұйқыдан жаңа ғана оянғанын сездірмеуге тырысып.

– Тапаш?! Оны неге іздедің, қарағым?

– Мен полициядан едім, апа.

– Полиса?! – деп қартаң әйел бұған жалт қарады да, әлі құрығындай, иіліп барып қара жерге тізерлеп шөге берді. – Тап-аш! Ұлым! – Кемсеңдеп жылап жіберді. – Не хабар әкелдің Тапашымнан?

– Апа! Не болды? Тапаш қайда еді? – деп Абылай кейуананы демеп орнынан тұрғызды.

– Аварияға тап болды ғой, қарағым! Жансақтауда жатыр қазір! – Сөзін ентігіп, бөліп-бөліп айтты. – Сен бір хабар әкелді ме деп... Қарағыма бара жатыр ем...

Тұрақ АДИСҰЛЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ,
ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ.

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5066 дана
Апталық таралым 10 132 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31